



ПРЕЗИДЕНТ



ӘЛИЯ – ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың мемориалдық ескерткіш кешеніне гүл шоғын қойып, оның рухына бір минут үнсіздікпен тағзым етті.

Биыл — қазақтың қайсар қызының туғанына 100 жыл.

Мемлекет басшысы Әлия Молдағұлованың ескерткіші жанында жергілікті жұртшылықпен кездесті.


— Әлия Молдағұлова — халқымыздың қайсар қызы. Бүгін 100 жылдығына орай арнайы келдім. Бұл, ең алдымен, азаматтық борышым. Тағзым ету

үшін келіп отырмын. Баршаңызға көп рақмет. Әлияның есімін халқымыздың арасында, шетелде кең ауқымда дәріптеуіміз керек. Ол — біздің мақтанышымыз. Сондықтан оның есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент қазіргі алмағайып заманда бірлікті, татулықты сақтау өте маңызды екеніне назар аударды.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Словения Президенті Наташа Пирц-Мусарға құттықтау жеделхатын жолдады.




Қасым-Жомарт Тоқаев Наташа Пирц-Мусарды Словенияның ұлттық мерекесі — Мемлекеттік күнімен құттықтады.

— Астана мен Люблина арасындағы саяси диалогтың, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың аясы жылдан-жылға кеңейіп жатқанын ризашылықпен атап өтемін. Сіздің биылғы көктемде Астанаға жасаған ресми сапарыңыздың қорытындыларын жоғары бағалаймын. Біз қол жеткізген уағдаластықтар қазақ-словен сан қырлы ықпалдастығын жаңа деңгейге көтереді деп сенемін, — делінген жеделхатта.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Мозамбик Республикасының Президенті Даниэл Шапуға құттықтау жеделхатын жолдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Даниэл Шапу мен оның отандастарын Мозамбик Республикасының тәуелсіздігіне 50 жыл толуымен құттықтады.

— Осынау тарихи күн халқыңыздың бірлігі мен жасампаздығының айқын нышаны, мемлекеттілік пен тұрақты дамудың мызғымас тұғыры ретінде ерекше мәнге ие. Еліңіз тәуелсіздік құндылықтарын ту етіп, алдағы уақытта да биік мақсат-мұратқа жете беруіне тілектеспін, — деп жазылған жеделхатта.

Президент Қазақстан мен Мозамбик арасындағы достық қарым-қатынас одан әрі дами беретініне сенім білдірді.

ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары-

ның бірлескен отырысы 2025 жылғы 27 маусымда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», — деп жазылған Өкім мәтінінде.



ҚУАТТЫ АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы XI «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынын ашты.

Президент — Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XI халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу рәсіміне қатысты.

Биыл Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің әскери-патриоттық қозғалыстарына мүше 800-ге жуық жастың басын қосқан іс-шара Ақтөбе облысында ұйымдастырылып отыр. Слет қос атаулы датаға — Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналады. Қасым-Жомарт Тоқаев барша қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуымен құттықтап, бұл жас өрендеріміздің рухын шыңдайтын өте маңызды іс-шара екеніне назар аударды.

— Биыл «Айбын» жиыны қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті. Ол сұрапыл шайқастарда теңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызыға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске — 80 жыл! Бұл — біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке. Ұлы Жеңіс күнін атап өту — батыр бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігін жадымызда

тарды еңсерді, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазіргі құбылмалы, бұлыңғыр заманда біз осы тарихи ақиқатқа адал болуымыз керек, зұлмат соғыстың қасіретті сабағын ұмытпауымыз қажет.

— Жастар бейбіт заманның қадірін түсінуге тиіс. Жыл өткен сайын жандық шиеленістер өршіп, мемлекеттер арасында қақтығыстар жиілегенін көріп отырсыздар. Қазіргі аса күрделі уақытта елдеріміз арасындағы

күшті әрі епті екендеріңіз сыналады. Әскери қызметтің қандай болатынын сезініп, заманауи армияның озық технологияларымен танысасыздар. Нағыз жауынгер табанды еңбек, қатаң тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізетінін біледі. Тактикалық ойындар кезінде сіздерге батылдық пен шешімталдық қажет болады. Командамен ұйымдаса әрекет ету, бір-біріне көмектесу талап етіледі. Бүгін осы жиында Қазақстанның намысын «Жас сарбаз» әскери-



түсіністік, өзара сенім мен келісім өте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жарыстар біздің шетелдермен көпжақты байланыстарымызды кеңейтуге үлес қосады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



жаңғырту деген сөз. Қазақстан үшін мұның мән-мағынасы айрықша. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты, азаттық пен әділдік үшін аянбай күресті. Қазақстаннан 1 миллион 200 мың азамат майданға аттанды, оның тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Мыңдаған адам далада, зауыттар мен фабрикаларда еңбек етіп, майданға азық-түлік, қару-жарақ және ок-дәрі жіберді. Біз даңқты ерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ешқашан ұмытпаймыз, олардың есімін мәңгі есте сақтаймыз. Батырларымыз жержаһандағы бейбітшілік пен тыныштық үшін аса ауыр сынақ-

Мемлекет басшысы әскер қатарында болу абыройлы міндет екенін атап өтіп, елімізді өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне баса мән беретінін жеткізді.

— Қуатты Армия — тәуелсіздік тірегі, қарқынды даму кепілі. Бүгін сапта тұрған сарбаздар — нағыз отаншыл, батыл, мықты азаматтар. Қазақстан Армиясының келешегі сіздердің қолдарыңызда! Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құратын да — Сіздер. Мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде еліміздің білімді, адал, озық жастарына сенемін! Алдағы күндері сіздердің қаншалықты

патриоттық қозғалысының ең үздік мүшелері қорғайды. Жастарымыз жарысқа лайықты деңгейде қатысып қана қоймай, өздерін осы елдің қонақжай әрі кенпейіл иесі ретінде көрсететініне сенімдімін. Осы жиыннан жана дағды үйреніп, адал дос тауып, керемет әсермен оралуларыңызға тілектеспін. Баршаңызға сәттілік тілеймін! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын аясында балалар мен жасөспірімдер «Айбын дарыны» интеллектуалдық ойынына, Smart Sarbaz технологиялық конкурсына және «Айбын» жұлдызы шығармашылық сайысына қатысады. Пневматикалық мылтықтан ату, Калашников автоматтың шашып, қайта жинаудан жарысады. Сондай-ақ бағдарламада спорттық сайыстар, «Күшіміз бірлікте» әскери-тактикалық ойыны бар. Кешқұрым жастар алау басында патриоттық әндер орындайды.

Ресми ашылу салтанатынан кейін Мемлекет басшысына Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов FPV-дрон операторларын даярлайтын инновациялық оқу-жаттығу кешені мен ұшқыштарға арналған заманауи жаттығу симуляторларын таныстырды.

Одан кейін Президент Smart sarbaz жас робот техниктері үйірмесінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ балалардың «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үрмелі аспаптар оркестрінің орындауындағы музыкалық шығарманы тыңдады.

26 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

АҚПАРАТ ӘЛЕМІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Президент журналистер қауымын Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

— Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл — өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент — Ықпалды Парламент — Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде озық ойлы ұлт болу қажет екенін, көш бастайтын елдер қатарында болуымыз керек екеніне тоқталды. «Бір ел болып, жұдырықтай



жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты — биік, бағдары — айқын. Бұл — Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру», — деді.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, гео-экономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

— Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып,

кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн, — деді.

СЕНАТ

СИНГАПУР: СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Сингапур Республикасына сапары аясында ел Президенті Тарман Шанмугаратнаммен және Парламент Спикері Сеа Кيان Пәнмен кездесті. Кездесу барысында тараптар ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылап, осы бағыттағы бірлескен жұмыстың маңызды міндеттерін айқындады.

Мәулен Әшімбаев Сингапур Республикасының Президенті Тарман Шанмугаратнамға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізіп, сингапурлықтарды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Сондай-ақ ол Қазақстан Сингапурды қашанда жүйелі дамудың озық үлгісі санайтынын тілге тиек етті.

Сенат Төрағасы атап өткендей, Қазақстан мен Сингапур ондаған жыл бойы өзара құрметке және ортақ құндылықтар мен мүддеге негізделген берік серіктестік қалыптастырды. Кейінгі жылдарда екіжақты ынтымақтастық айтарлықтай нығая түскеніне де мән берілді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтыр Сингапурға жасаған мемлекеттік сапары аясында оқыған дәрісінде сіздердің елдеріңіз Қазақстанда даму мен өркендеу бағытында өзіндік жол таңдауға жігерлендіретінін айтты. Қазіргі таңда екі ел арасында өзара құрметке, ортақ құндылықтарға және ұтқасымға негізделген берік, ұзақмерзімді әріптестік орнады. Соңғы жылдарда біздің ынтымақтастығымыз одан әрі нығая түсті», — деп Сенат Төрағасы Сингапур Президентіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде айтып берді.

Өз кезегінде Тарман Шанмугаратнам Қазақстан басшылығына сенім танытқаны және Син-

гапурдағы өзгерістерге қолдау көрсеткені үшін ризашылық білдірді. Сондай-ақ рухани дипломатияны ілгерілетуге және көпформатты Қазақстан — Сингапур қатынастарын дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс айтты. Одан бөлек, екі мемлекет арасындағы саяси диалог және өзара тиімді серіктестік деңгейіне жоғары баға берді.

Парламент Спикері Сеа Кيانь Пәнмен кездесуде өзара парламентаралық қарым-қатынастарды дамыту перспективалары әңгімеге арқау болды. Мәулен Әшімбаев екіжақты байланыстың жоғары деңгейіне және күшті мемлекеттік басқаруды көпұлтты өкілдік пен саяси сабақтастықты қамтамасыз ететін тетіктермен үйлестіретін елдің бірегей парламенттік моделіне назар аударды. Осы орайда тараптар алдағы кезеңде екі елдің Парламенттері арасында заң шығару саласындағы өзара іс-қимылды тереңдетуге мүдделі екендерін білдірді.

«Қазақстан Парламенті Сингапурдың әртүрлі саладағы, соның ішінде заңнамалық бағыттағы бірегей тәжірибесіне ерекше қызығушылық танытады. Атап айтқанда, заң шығару процесін цифрландыру, жасанды интеллект, жасыл экономика және тиімді мемлекеттік басқаруды қолдана отырып жобалар әзірлеу мәселелері басты назарымызда. Біздің Парламенттің екі палатасында да жұмыс істейтін Сингапурмен достық топтарының әлеуетін белсенді пайдаланудың

маңызы зор. Бұл депутаттарымыз арасындағы ынтымақтастықтың елеулі тетігі екені анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси жаңғыртуларға тоқталып, дамудың жаңа экономикалық моделін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жөнінде айтты.

«Қазір Қазақстанда ұлттық экономиканы әртараптандыруды көздейтін маңызды реформалар жүргізіліп жатыр. Осы ретте біз энергетика, пайдалы қазбаларды өңдеу, инфрақұрылымды дамыту, цифрлық экономика, қаржы технологиялары, логистика және байланыс сияқты негізгі секторларда ынтымақтастықты нығайтудың болашағы зор деп есептейміз. Орталық Азияға салынып жатқан барлық тікелей шетелдік инвестицияның 60 пайыздан астамы Қазақстанның еншісінде. Біз шетелдік компаниялар үшін барынша қолайлы жағдай жасауға толық дайынбыз. Соның аясында шетелдік инвесторларды қолдау үшін қажетті заңнамалық шаралар да қабылдадық», — деп Мәулен Әшімбаев сингапурлық компанияларды ынтымақтаса жұмыс істеуге және бірлескен кәсіпорындар құруға шақырды.

Өз кезегінде Сингапур Парламентінің Спикері Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерге жоғары баға берді және барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Сонымен қатар Қазақстан Парламентінің депутаттары Сингапурдың Punggol Digital District цифрлық кластеріне барды. Бұл — 50 гектар аумақты алып жатқан, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, робототехника, қаржы технологиялары сияқты негізгі секторларда цифрлық саланың көшбасшы компаниялары орналасқан орнықты бизнес-инновациялық аудан. Платформа әртүрлі жүйе мен сенсорлардан деректер жинайды. Оның ішінде лифтер, жарықтандыру, инженерлік желілер; ғимараттардың қамтылу көрсеткіштері, температура, ылғалдылық, жауын-шашын және тағы басқа климаттық параметрлер бар.

Бұдан басқа, депутаттар Mapiña Bagage гидротехникалық нысанының қызметімен танысты. Ол Сингапурдың бірінші Премьер-Министрі Ли Куан Юдың идеясымен салынған. Бөгет су қорын ұлғайту қана қоймай, толқын мен жайып кезінде жағалаулардың су астында қалуына жол бермейтін тосқауыл ретінде жұмыс істейді.

МӘЖІЛІС

ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады.



2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы Жарлығымен қол қойылды. Құжатты депутаттарға Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды.

— Кедендік реттеу саласында электронды сауда операторы деп аталатын жаңа құқықтық институт пен қызмет түрін енгізу жоспарланып отыр. Ол интернет-аландарда жеке тұлғалар сатып алатын тауар операциялары логистикасын, интернет-аландарымен және кеден органдарымен өзара әрекет жасауды, кедендік декларациялау мен электронды сауда тауарларын сақтау процестерін қамтамасыз етеді, — деді С.Жұманғарин.

Жұмыс тобының жетекшісі Әділ Жұбанов қосымша баяндамасында өзгерістер тауарларды сыртқы сауда аландарынан сатып алу тәртібіне әсер ететінін хабарлады. Атап айтқанда, халықаралық пошта жөнелтілімдерінде шетелдік интернет-аландардан үшінші елдерден жеке тұлғалардың атына жіберілетін тауарлар электронды сауда тауарлары деп аталатын жекелеген санатқа бөлінеді. Бүгінде шетелдік интернет-аландарда сатып алынатын тауарлар жеке пайдалануға арналған тауарларға жатады.

Сонымен қатар кедендік декларацияның жаңа түрі — электронды

сауда декларациясы енгізіледі. Электронды сауда тауарларының бүкіл көлеміне, яғни жеке тұлғалардың сыртқы сауда аландарынан сатып алатын барлық тауарына декларация жүргізіледі. Бүгінде жеке пайдалануға арналған тауарларды бажсыз әкелу нормалары 200 еуродан немесе 31 келден асқан кезде ғана декларацияланады.

Талқылау барысында депутаттар «Қазпошта» АҚ және DHL International Kazakhstan ЖШС және басқа да ұйымдарды қосу жоспарланған электронды сауда операторларының тізіліміне енгізу тәртібі жөнінде сұралды. Сондай-ақ мемлекеттік органдардан оператордың тауарларды декларациялаудағы жауапкершілігі, тауарларды әкелу кезіндегі контрабандаға қарсы іс-қимыл шаралары, базарлардың тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін реттеу және басқа да мәселелерге қатысты нақтылау сұрақтарын қойды.

Сонымен қатар Мәжіліс Сенаттың Салық кодексі мен оған ілесіп түзетулерге, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға және «Салық және бюд-

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз — тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

— Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз — аса қуатты қару. Бірауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

Марапатталғандар қатарында әріптестеріміз де бар: «Айқын-Литер» ЖШС директоры, медиасаланың майталманы Талғат Қырықбаев Президенттің БАҚ саласындағы сыйлығына ие болса, Aiqyn газетінің бас редакторы Амангелді Құрметұлы «Құрмет» орденін иемденді.

жетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және оны қолдануға енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға енгізген түзетулерімен келісті.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов палатаның VIII сайланған Парламенттің үшінші сессиясындағы Мәжіліс қызметін қорытындылады. Осы уақыт ішінде 39 жалпы отырыс өтіп, онда 248 мәселе қаралған, 90 заң қабылданып, 39 халықаралық шарт пен келісім ратификацияланды.

— Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларында, Сайлауалды бағдарламасында, сондай-ақ Ұлттық құрылтай отырыстарында айтылған бастамаларын іске асыру жалғасын тапты. Депутаттық корпус алдында тұрған стратегиялық міндет — мемлекеттің, азаматтар мен кәсіпкерлердің мүдделері арасында ортақ мәміле табу болды. Көпшілікпен ашық пікірталастар, депутаттардың табандылығы мен бизнес өкілдерінің белсене қатысуы арқасында тұрақты, ашық, әділ әрі түсінікті Салық кодексі қабылданды, — деді Е.Қошанов.

Сондай-ақ палата Спикері балалардың құқықтарын қорғайтын заңдар, «Заң мен тәртіп» қағидатын заңнамалық тұрғыдан іске асыру, Бюджет және Су кодекстерін қабылдау арқылы жаңа экономикалық және прогрессивті су саясатының негізін қалыптастыру, Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметін заңнамалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды атап өтті.

Мәжіліс Спикері депутаттарға өңірлердегі сайлаушылармен кездесулерінің жемісті өтуіне тілектестік білдірді. Алдағы сессияда депутаттық корпусың алдында бірқатар маңызды заңды қабылдау міндеті тұрғанын еске салды. Оның ішінде Құрылыс кодексі, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, банктер және банк қызметі туралы және басқа да заңдар бар.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: нотариаттық қызмет мәселелері туралы, ТМД елдерінде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау жөніндегі келісімді ратификациялау туралы және бағалау қызметі туралы заңға енгізілетін түзетулер.

Мәжілісмендер мемлекеттік органдарға әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 23 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.

АГЛОМЕРАЦИЯ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ



«AMANAT» партиясында еліміздегі ірі қалаларды дамытуға қатысты түбегейлі жаңа көзқарас қажет екені айтылды.

Халыққа лық толған шеткі аудандар, тозған инфрақұрылым, көліктің көптігі мен баспана тапшылығы — бүгінде Қазақстандағы ірі агломерацияларға тән ортақ мәселелерге айналды. Десе де, дәл осы қалалар инвестиция мен адами капиталдың, экономикалық өсімнің басты орталығы болып отыр. «AMANAT» партиясы өкілдерінің айтуынша, жедел урбанизация жағдайында агломерациялар өздігінен емес, нақты жоспар негізінде, өңірлер арасындағы тиімді үйлестірумен және мемлекеттік қолдаумен дамуға тиіс. Осы мәселелер Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Кеңесті басқарған Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев қала агломерациялары

басқару мен қаржыландыру жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізілмесе, олар өсім драйверінен әлеуметтік шиеленіс көзіне айналуы мүмкін екенін айтты.

— Агломерация — бұл жай ғана халық пен тұрғын үйлердің тығыздығы емес. Бұл — қала құрылысы саясаты мен бюджеттік жоспарлаудан бастап бүкіл мемлекеттік жүйе үшін сынақ. Ашық мойындау керек, қазіргі жүйе бұл жүкті көтере алмай отыр. Қаржыландыру кешігіп келеді, кешенді жоспарлар орындалмайды, өңірлер бір-бірін естімейді. Енді жүйелі және батыл әрекет ету қажет. Бұл — Президенттің нақты тапсырмасы. «AMANAT» партиясы бұл тапсырманың орындалуын талап ететін болады, — деді ол.

Ол Алматы қаласы бюджетінен көршілес облыстан жер сатып алынып, қаладағы ЖЭО-ны газбен қамтуға арналған газ құбыры тартылғанын мысалға келтіріп, горизонталь трансферт механизмінің тиімділігін атап өтті.

Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбековтің айтуынша, қазіргі таңда алматылық, астаналық және қарағандылық агломерацияларды дамытудың кешенді жоспарлары бекітілген. Ақтөбе мен Шымкент агломерацияларына қатысты құжаттар дайындалу үстінде. Бекітілген жоспарлар аясындағы шаралардың жалпы құны 5,4 трлн теңгеден асады.

Берік Бейсенғалиев горизонталды трансферттер механизмінің оң әсерін атап өтті. Бұл тәсіл әкімдіктерге өз аумақтарынан тыс жерлерде бірлескен жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Мәселен, Алматы қаласының бюджеті есебінен

көршілес облыстан мегаполисті жылумен қамтитын ЖЭО-ға газ құбырын тарту үшін жер телімдері сатып алынған.

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Әмренованың айтуынша, Астана агломерациясының шетінде 1 миллионнан астам адам тұрады — бұл ресми статистикадан әлдеқайда көп. Урбанизация күшейіп жатқан қазіргі кезеңде мейн-стримді көші-қон, инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігі секілді мәселелер сақталып отыр. 2024 жылы 19 әлеуметтік нысан салынды, 26 мыңнан астам адам газбен қамтылды, электр желілері, су және жол инфрақұрылымы жаңартылды.

Дегенмен құрылыс материалдары мен жер бағасының өсуі, жергілікті бюджеттердің шектеулілігі, республикалық қаржыландырудың аздығы — үлкен кедергі болып отыр.

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев соңғы үш жылда қалада төрт мектеп, емхана, спорт кешені, мешіт салынғанын, инженерлік желілер жаңартылып, газ тарту жұмыстары басталғанын айтты. Жергілікті кешенді жоспар 236,3 млрд теңгеге 39 жобаны қамтиды. Олардың кейбірі жеке инвестициялар есебінен жүзеге асуда. Бұған қоса, 80 млрд теңгеге 600 жұмыс орнын құратын 26 жана жоба қолға алынған. 350 орындық жеке-меншік аурухана, дәрігерлерге арналған тұрғын үй, емхана салынып жатыр.

Алайда инженерлік инфрақұрылымның тапшылығы бірқатар мәселені тежеп тұр. Қаланың дамуы үшін 52 млрд теңгеге қосалқы станса, көріз тазарту қондырғысы, коллектор мен жылу желілеріне қаржы қажет. Сонымен қатар 264 гектарлық индустриалды аймақтың жобасы дайындалып жатыр. Бұл өңірдің өнеркәсіптік өсімі мен салықтық базасын арттырады.

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұрқенов елордада кешенді жоспар аясында 70 іс-шара жүзеге асырылып жатқанын, олардың 64-і жеке инвестициялар есебінен орындалатынын

жеткізді. Қазір шаһарда газ тарату стансасы салынып жатыр, сондай-ақ бірқатар инфрақұрылымдық жобалар іске асуда.

Алматы қаласының урбанистика басқармасының басшысы Нұрлан Боранбаев желтоқсан айында бекітілген алматылық агломерацияны дамытудың кешенді жоспары туралы баяндады. Жалпы 3,37 трлн теңгеге 134 шара жоспарланған, оның 56-сы Алматы қаласына тиесілі. Қазір көлік жүйесі, жол құрылысы мен IT-экосистеманы дамыту жобалары жүзеге асырылуда. Жоспар мейн-стримді көші-қон, инфрақұрылымның шамадан тыс жүктелуі және қала ортасының сапасын арттыру мәселелерін шешуге бағытталған.

Алматы облысы әкімінің кеңесшісі Нұржан Құдайбергеновтің айтуынша, 2024 жылы 34 жоба жүзеге асқан, ал 2025 жылы тағы 23 жоба қолға алынды. Олардың ішінде 18 елді мекенді газдандыру, радиалды жолдар салу және тау кластерінің жоспарын әзірлеу жобалары бар.

Қорытындылай келе, Берік Бейсенғалиев агломерациялардың дамуына кедергі келтіріп отырған басты мәселелер — тозған инфрақұрылым, көлік жүктемесі, қаржы тапшылығы және үйлестірудің әлсіздігі екенін атап өтті. Бұл мәселелерді шешу — тек мемлекетке емес, жергілікті билік пен бизнеске де ортақ жауапкершілік болуға тиіс.

Ол кешенді жоспарларды қаржыландыру тәсілін қайта қарауды ұсынды және Үкіметке тиісті нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеуді тапсырды. Әкімдіктер мен министрліктер жаңа Бюджет кодекстер ескере отырып, жоспарларын жаңартуы керек.

Көлік министрлігіне агломерациялар үшін бірыңғай қоғамдық көлік жүйесін әзірлеу — қалаларлық маршруттар, тарифтер мен субсидияларды қоса қамтитын міндеті жүктелді. Сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту бойынша жоспарларды жеке инвестициялар мен МЖЭ тетіктерін тарта отырып әзірлеу ұсынылды.

АГРОСЕКТОРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы агросекторға құйылатын инвестиция көлемін арттыруды және қайта өңдеу саласын дамытуды көздейді.

Отандық аграрлық сектор өз инвестициялық тартымдылығын дәлелдеді. Бұл туралы «AMANAT» партиясы жанындағы аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі Республикалық кеңес отырысында Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасы Нұржан Әшімбетов мәлімдеді. Жиында агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобалар, оларды қаржыландыру мен жүзеге асыру тетіктері, сондай-ақ өңдеу және өндіріс үлесін арттыру жолдары талқыланды.

Сөз басында Нұржан Әшімбетов бұл диалог — жай ғана статистикалық мәлімет алмасу емес, басымдықтарды бағамдап, саланың дамуына жүйелі серпін беруге бағытталған мүмкіндік екенін атап өтті.

«Аграрлық сектор өз инвестициялық тартымдылығын дәлелдегенін көріп отырмыз. Енді жүзеге асырылған әрбір жобаның — мейлі ол жылыжай, сүт фермасы немесе май сығатын зауыт болсын, толық қуатта жұмыс істеп, тұрақты нәтиже беруіне қол жеткізу қажет», — деді Кеңес төрағасы.

Ауыл шаруашылығы министрлігі Халықаралық ынтымақтастық және инвестиция тарту департаменті директорының орынбасары Нұрлан Серікжанның мәліметі бойынша, 2024 жылы жалпы құны 409 млрд теңгені құрайтын 311 жоба жоспарланды. Бұл жобалар аясында 4 мың жұмыс орнын құру көзделді. Осылайша, 280 млрд теңге сомасына 286 жоба жүзеге асырылды (68%). Олардың қатарында: «Кронос Павлодар» сүт фермасы, «Адель» инкубаторы, «IL-TOV» және «Аруана-2010» кәсіпорындары, Түркістандағы банан жылыжайы, «ОРЦ Ақтау» логистикалық қоймасы және Қостанайдағы «Милх» ірімшік зауыты бар.

2025 жылы алғашқы төрт айда компаниялардың негізгі капиталына 211 миллиард теңге қаражат құйылды. Бұл — өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 117 пайызға көп. 2027 жылға дейін 23 мың жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 3,3 триллион теңгені құрайтын 677 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бүгінде 25 миллиард теңге сомасына 25 жоба пайдалануға берілді. Биылғы бастамалар қатарында — құны 42 миллиард теңгені құрайтын «ЭКО-мәдениет» жылыжай кешені, инвестиция көлемі 26 миллиард теңгені құрайтын



«Алтай Май» май зауыты, «Алтын Дала Макта» компаниясы жүзеге асыратын 30 мың гектар алқапты тамшылатып суару жүйесі, «Примакус» құс фабрикасы, «Қазфилтек» жүн өңдеу зауыты және «Қаз Крахмал» жүгеріні терең өңдеу жобасы бар.

Нұржан Әшімбетов бюджет қаражатын уақыттылы бекіту қажет екенін атап өтті. Инвестициялық төлқұжаттарды түзету мәселесіне де ерекше назар аударылды. Оның айтуынша, «Ақтоғай Агро» компаниясының картоп чипсілерін өндіру жобасы дайындығы мен маңызына қарамастан, «көлемі жағынан жеткіліксіз» деген желеумен қабылданбай қалды, ал аз ауқымды бастамалар неғұрлым икемді критерийлер негізінде енгізілді. Осыған байланысты жобаларды іріктеу мен түзетудің бірыңғай әрі ашық тәсілін әзірлеу ұсынылды.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Тимур Аялбергенов үш жыл ішінде агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру көлемі 77%-ға, яғни 464 млрд теңгеден 822 млрд теңгеге дейін өскенін мәлімдеді. Несие портфелі 1,7 трлн теңгені құрап, 76 мың қарыз алушы мен ауыл шаруашылығы өндірушілерінің 26%-ын қамтыды. 2025 жылы көктемде 465 млрд теңге қаржыландырылып, 7,5 млн гектар жер қамтылды.

Ол үш негізгі бағдарламаны ұсынды. Олардың қатарында «Кендала», «Агро-бизнес» және жастарға шағын несие беруді көздейтін «Іскер» бағдарламалары бар. Қайта өңдеушілерге арналған жылдық

мөлшерлемесі 5%-ды құрайтын бағдарлама жұмыс істеуде. Басты шарт — шикізатты жергілікті өнім өндірушілерден сатып алу. Сонымен қатар 12,6% жылдық мөлшерлемесімен 15 млрд теңгеге дейін субсидиясыз несие алу мүмкіндігі бар. Мұнда сүт шаруашылығы, жылыжай, мал азығын өндіру және суару жобаларына басымдық беріледі.

Жаңа бағдарлама шеңберінде 192 млрд теңге сомасына 53 инвестициялық жобадан тұратын пул жасакталды. Оның 121 млрд теңгесі қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылады деп жоспарлануда. Алайда оның жүзеге асырылуы «Бәйтерек» холдингі тарапынан қаржыландыруға және 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджеттің мақұлданыуына тікелей байланысты. Қаражат әлі бөлінген жоқ. Бұл өз кезегінде пул қатысушыларының алдаушылығын туғызуға. Қатысушылар аталған мәселенің маусым айының соңына дейін шешілетініне сенім білдірді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Владимир Ли АӨК-те және өңдеу өнеркәсібінде жүзеге асырылып жатқан қаржы құралдары туралы ақпаратпен бөлісті. Оның айтуынша, банктің несиелік лимиті шамамен 7 млрд теңгені құрайды. «ҚДБ» АҚ мен АНК арасындағы жауапкершілікті бөлу жұмысы бекітілді: АНК 15 млрд теңгеге дейінгі, ал ҚДБ осы сомдан артық жобаларды сүйемелдейді. Айналым қаражатын қоса алғанда, экспорттық қаржыландыру көлемі 1 млрд теңгеден басталады.

АҚЫЛДЫ РОБОТ: ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР ДОСЫ

Жаз — күн күлімдеп, табиғат ерекше бір сұлуланып, мейірлене түсетін жаймашуақ уақыт. Балалар үшін ең бір қуаныш пен шаттыққа толы мамыражай шақ. Астана қаласы Білім басқармасы оқушылардың жазғы демалысын мәнді-мағыналы етіп өткізу мақсатында түрлі іс-шаралар мен көңілді жазғы лагерьлер ұйымдастыруда.

Жазғы маусымда елордадағы 1-10 сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыны көңілді демалыспен қамту көзделіп отыр. Олардың ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам бала бар. Сонымен қатар қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне 4 мыңнан астам бала демалса, 13 қосымша білім беру ұйымының базасында тақырыптық күндізгі лагерьлер мен қолданбалы өнер, шет тілдері және жүзу бағыттары бойынша қысқамерзімді үйірмелер жұмыс істейді. Биыл лагерьлер креативті идеялар мен цифрлық жанашылдыққа толы.

Атап айтар болсақ, Астанадағы №109 келешек мектебіндегі лагерьде балаларға робот жетекшілік етіп жүр. Ашылғанына көп уақыт болмаса да білікті ұстаздар мен білімді шәкірттерінің арқасында заманауи озық технологияны еркін меңгерген ұжымның жаналығы көп. Ондағы білім беру бағдарламасы да заманға сай. Келешек мектеп лагерьінде демалып жүрген оқушылар Төмірбек есімді ақылды роботтың жақын досына айналған. Бұл құлтемір бытырдан бері елорда мектептерінде цифрлы технологияның мүмкіндіктерін өйгілеп, оқушыларды ынтықтыра түскен. Жасанды интеллекттің игілігін көрген оқушылардың робототехникаға қызығушылығы артқан.

— Робототехника курсына №74 мектептен келген Төмірбек атты робот балалармен танысып, балалар өздерінің жұмыстарын көрсетіп, робот жасауға қызығушылықтарын арттыруда. Біздің мектебімізде лагерь үш маусымға жоспарланған, қазір екінші маусым жүріп жатыр. Бұл жерде балалар тек қана ойнап қоймайды, ой-санасын

дамытады. Шығармашылық қабілеттерін шындайды. «Төмірбекті» осы оқушылардың қатарластары құрастырған. Робот үйірмесіндегі оқушылар тапшылығының нәтижесін бытырдан бері бұл робот елорда мектептеріндегі ашық сабақтарға қатысып, пайдалы дәрістер оқуға машықтанған. Енді жазғы демалысты балалармен бірге қызықтауда, — деді №109 орта мектеп директоры Жанар Ермұхамбетова.

«Төмірбек» — заманауи жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған робот. Ол сөйлеу, сұраққа жауап беру, адамды қақыштан сезу секілді мүмкіндіктерге ие. Робот №109 келешек мектебінде STEM бағыты бойынша өтіп жатқан үйірмеге қатысып, оқушылармен еркін байланыс орнатты. «STEM үйірмесі — оқушыларды болашақ технологияларына қызықтыру, осындай құрылғыларды өз қолымен жасауға ынтылдандыру. Мұндай кездесулер балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа идеяларға шабыт береді», — дейді ұйымдастырушылар.

М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі Айлана Айтжанованың айтуынша, роботты оқушылар төрт айда құрастырып шыққан.

— «Төмірбек» — мектебіміздің 7 және 11-сынып оқушылары төрт айда жасап шығарған жобасы. Қазір ол ашық сабақтар мен іс-шараларда гид ретінде белсенді қатысып жүр. Болашақта оны толық қозғала алатын, тапсырма орындай алатын деңгейге жеткізу жоспарланып отыр, — деді мұғалім.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

26 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨКЕЙКЕСТІ

Бүгінде бүкіл қоғамның назарын аударып отырған аса қауіпті құбылыс – жастардың нашақорлыққа елтуі. Мемлекет басшысы да құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде бұл мәселені ашық көтеріп, оны үлкен қатер ретінде атап өтті.

«Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған ең қауіпті үрдіс: жастар нашақорлыққа үйір бола бастады. Бұл – үлкен қатер, оны жасырмауымыз керек», – деді Президент.

Жана ғасырда есірткінің түрі ғана емес, бет-бейнесі де өзгерді. Бұрын көбіне героин мен марихуана таралса, қазір олардың орнын спайс, тұз, мефедрон сияқты синтетикалық есірткі заңмен тыйым салынған заттар тізімінде болмайды. Сондықтан олардың таралуы мен қолданылуын құқық қорғау органдары кеш анықтап жатады. Ал сату интернет арқылы жүретіндіктен, жастар үшін бұрын-соңды болмаған қолжетімділікке ие.

Синтетикалық есірткілерді дайындау үшін үлкен зауыт қажет емес. Оларды кез келген жерде немесе жалдамалы пәтерде дайындауға болады. Көп жағдайда синтетикалық есірткі заңмен тыйым салынған заттар тізімінде болмайды. Сондықтан олардың таралуы мен қолданылуын құқық қорғау органдары кеш анықтап жатады. Ал сату интернет арқылы жүретіндіктен, жастар үшін бұрын-соңды болмаған қолжетімділікке ие.

Қазақстанда бұл проблеманың әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасындағы өзектілігі арта түсті. Себебі дәл осы әлеуметтік топ есірткі сатушылардың басты нысанасына айналған. Бұл мақалада жастар арасындағы есірткі саудасының қазіргі ахуалы, цифрлық есірткі таралу тетіктері мен құқық қорғау органдарының осы бағыттағы іс-шаралары сараптап көрсек...

Ішкі істер министрлігінің «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі төрағанын орынбасары Қуандық Жәнібекұлының айтуынша, есірткі саудасының цифрлық кеңістіктегі таралуы жыл өткен сайын күрделене түскен.

«Соңғы жылдары синтетикалық есірткілер – спайс, тұз, мефедрон секілді заттардың жастар арасында қарқынды таралып жатқанын байқау қиын емес. Олар табиғи есірткіге қарағанда әлдеқайда арзан, көлемі шағын әрі тарату тәсілі өте агрессивті.

ДАУА

ҰЛТТЫҚ ЖОБА САЛАҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Сыр өңірінің денсаулық саласында халыққа сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту бағытында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқынды жүргізіліп жатыр. Соның негізінде елді мекендердегі медициналық қызмет сапасы артып, саладағы инфрақұрылым жаңарып келеді.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Қай кезде де ұлт саулығы мемлекеттің негізгі капиталы болып табылады. Сондықтан да саланы өркендетуде бірінші кезекте денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған кешенді шараларды нәтижелі жүзеге асыру міндеті жүктеліп отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елді мекендердегі ақ халаттылардың әл-ауқатын арттырып, медициналық қызметтің аясын кеңейтуге бағытталған ұлттық жобаның Қызылорда облысында атқарылу нәтижесі көз қуантады. Мәліметке сәйкес, соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына барлығы 440 млрд 700 млн теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйіпкілді мәселелер шешімін табуда. Соның ішінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірдің барлық аудандарында құны 10 млрд 763 млн теңгеге 28 медициналық нысан салыныпты.

Қызылорда облыстық Денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, ана мен бала өмірін қорғау саласында көпбейінді облыстық аурухана базасында жана МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылған. Сол сияқты облыс орталығында 36 млрд 400 млн теңгеге емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталса,

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІП: ЗАҢСЫЗ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНА ЖОЛ ЖОҚ


2025 жылдың алғашқы бес айының өзінде елімізде 3 320 есірткіге қатысты қылмыс тіркелді. Оның ішінде 991 сату дерегі анықталды, 165 жағдай аса ірі көлемде сақтау фактісі ретінде тіркелді. Жалпы көлемі 4 080 келі есірткі тәркіленді, оның ішінде 476 келісі – синтетикалық препараттар. Сонымен қатар 95 нарколаборатория жойылды, оның 9-ы синтетика өндірумен айналысқан. Бұл – проблема ауқымының барған сайын кеңейіп келе жатқанын көрсетеді», – деді Қ.Жәнібекұлы.

Бұл статистика тек сандар жиынтығы емес – бұл жастар өмірін талқандаудың төте жолы. Бүгінде дәстүрлі көше арқылы есірткі сату сиреп, оның орнын толығымен цифрлық жүйе басты. Telegram мессенджері, даркнеттегі форумдар мен криптовалюта төлемдері арқылы есірткі саудасы ешқандай тікелей байланыссыз жүзеге асады.

Алдымен сатып алушы арнайы анонимді ботқа жазылады. Сол жерде әртүрлі есірткі түрлері мен бағалары көрсетіледі. Қажетті затты тандап алады да, төлемді криптовалюта немесе электронды әмиян арқылы жүргізеді. Төлем сәтті аяқталған соң, сатушы (немесе «закладчик») есірткі жасырылған жердің координаттарын жібереді. Сатып алушы сол мекенжайға барып, затты алып кетеді. Осылайша, сатушы мен сатып алушы бір-бірімен кездеспейді. Барлығы интернет арқылы жасырын түрде атқарылады. Бұл жүйеде де қарапайым маркетингтік стратегиялар қолданылады. Яғни, пікірлер, рейтинг жүйесі, жеңілдіктер – тұтынушы сенімін арттыру үшін барлық құрал қарастырылған.

Ең күрделі әрі қауіпті мәселе – жастардың өзі есірткі тұтынушыдан, есірткі таратушыға айналуы. «Закладчик» – бұл есірткіні белгіленген орындарға жасырын қалдырушы. Мұндай рөлге көбіне жұмыссыз жастар немесе оңай табысқа қызығатын студенттер тартылып жатады. Әлеуметтік желілерде «курьер», «логист», «жеке көмекші» деген атпен ұсынылатын жұмыс жарнамалары көбіне осы желімен байланысты болады.

Ал құқық қорғау органдары «закладчиктерді» оңай тұзаққа түсіреді. Себебі олар есірткіні физикалық түрде белгілі бір жерге апарып, жасырып, қылмыс орнында тікелей әрекет етеді. Қалалық бейнебақылау камералары, GPS белгілері және кей жағдайларда дрондар арқылы олардың



Елдар КАБА (қолжазба)

қозғалысы бақыланады. Сонымен қатар «закладчиктер» – тарату желісіндегі ең әлсіз әрі тез ауыстырылатын буын. Ұйымдастырушылар оларды оңай құрбан етіп, орнына жанасын табады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде есірткіге қатысты бірнеше баптар қарастырылған. Нақтырақ айтсақ, 440-бапқа сәйкес, қоғамдық орында есірткі қолданған адамға айыппұл



рақты әріптестік байланыста жұмыс жасап жатырмыз», – дейді Қызылорда облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков.

Аталмыш қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд теңгеден астам қаржы бағыттапты. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылған. Жакын күндері облысқа қарасты Арал ауданында да дәл осындай орталық ашу жоспарда тұр.

Сонымен қатар қордың ықпалымен облыстық Онкология орталығы құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда кешен өңіріміздің шалғай елді мекендеріндегі тұрғындарға үздіксіз сапалы қызмет көрсетіп келеді. Аймақ жұртшылығын сирек кездесетін дертке қарсы дәрі-дәрмектермен қамту бағытында да түйіпкіл жок.

«Сыр өңірінде медицина саласына тың серпін беретін байыпты бастамалар мұнымен шектелмейді. Соның айғағындай, өңірде медицина саласындағы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, кадрларды тұрақтандыру мақсатында 100 пәтерлік жана тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталып, пәтер кілттері табысталады деп күтілуде. Осы орайда халыққа сапалы медициналық

салынады немесе ол 10 тәулікке дейін қамауға алынуы мүмкін. Ал егер есірткі адамда сақталған болса, бұл 296-баппен қаралып, айыппұл салу немесе бас бостандығын шектеу жазасы қолданылады. Ең ауыр жаза – есірткіні сату немесе тарату жағдайларында беріледі. Мұндай әрекеттер 297-баппен қаралып, 5 жылдан 15 жылға дейінгі түрме жазасына, ал ауырлататын жағдайларда өмір бойына бас бостандығынан айыруға әкелуі мүмкін. Жасөспірімдерге қатысты жаза жеңілдетілуі мүмкін, бірақ бұл қылмыстың салмағын жеңілдетпейді.

Ішкі істер министрлігі есірткі қылмысымен күресте «алдын алу – басты мақсат, жазалау – соңғы амал» деген қағиданы ұстануда. Сонымен қатар есірткі саудасына қарсы күрес шеңберінде цифрлық іздерді сараптау, камералар желісін қолдану, кинологиялық топтар мен кибербөлімдердің жұмысын күшейтуде. Ең басты жаңалықтың бірі – жасанды интеллектті қолдану. Ол Telegram, форумдар мен даркнеттегі күмәнді әрекеттерді автоматты түрде анықтауға көмектеседі. Бұл – күдікті әрекеттерді ертерек байқап, оған дер кезінде жауап беру мүмкіндігін арттырады.

ПІМ киберқылмыспен күресетін бөлімшелердің де жұмысын күшейтіп, осы саладағы мамандарды арнайы оқытып жатыр. Бұл – заманауи қауіптерге төтеп беру үшін қажет. Сондай-ақ халықаралық деңгейде де ынтымақтастық артып келеді. Қазақстан Интерполмен, Ресей, Өзбекстан, Қытай секілді көрші елдермен бірлесіп операциялар жүргізуде. Мұндай серіктестік трансшекаралық есірткі тасымалын бақылауға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары тұрақты түрде рейдтер жүргізіп, күдікті тұлғалармен профилактикалық әңгімелер өткізеді. Жастармен жұмыс істейтін түрлі мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып, қенауқымды алдын алу шараларын іске асырып келеді. Бұған қоса, интернет кеңістігінде де түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бейне-роликтер мен ақпараттық парақшалар арқылы жастарға әсер ету көзделген. ПІМ жанынан кеңесші топтар құрылып, оларға қоғам қайраткерлері, спортшылар, блогерлер тартылууда. Олар жастармен тікелей офлайн және онлайн кездесулер өткізеді. Осы шаралар ПІМ-нің есірткі саудасымен күресте тек салдарына емес, себептеріне де әсер етуге ұмтылып отырғанын көрсетеді. Яғни, қылмысты болдырмай тұрып алдын алу – басты мақсат.

Қазір есірткі таратушылар да, олармен күресетін құқық қорғаушылар да интернетті тиімді пайдаланып отыр. Бірақ бұл күресте нәтижеге жету үшін барлық тараптар – ата-аналар, мектеп, мемлекет және қоғам бірлесе әрекет етуі керек.

Ақбота МҰХТАР,
ЕҒҰ-дың 2-курс студенті

РУХАНИЯТ



Серік НЕГИМОВ, профессор:

БАТА ДӘСТҮРІ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ДІҢГЕГІ

— Киелі сөздің қайнар көзі бата беру салтының түп тамыры қайда жатыр? — Қазақ сөзді ерекше қадірлеген. Сөз деген — қасиет, өсиет, ғибрат. Онда энергия, философия бар. Бата, тілек деген сөз сонау ғұн заманынан бері айтылады. Академик Әлкей Марғұланның ғұн өркениеті жайындағы зерттеуінде ғұн заманы, тарихы, мәдениеті мен салт-санасы жөнінде айта келе, сол замандағы бата сөздерді келтіреді:

— Бөлішл-бөлішл, бөлішл бол, Бөзторғайдай төлішл бол. Бұрама темір, сом алтын, Суга салса, батпасын. Тәңір берген несібем, Тепкілесе, кетпесін. Қастық қылған адамың, Мұратына жетпесін. Айтса — қарғыс, тисе — көз, Дарымасын, өтпесін.

Ата-бабаларымыздан келе жатқан тілек айту, бата тілеу — біздің қасиетті салтымыз. Халықтың мыңдаған жыл бойғы тәжірибесі, шаруа кәсібі, дәстүрі, наным-сенімі осы бата арқылы айтылған.

Сондай-ақ Түркі қағанаты, кешегі Күлтегін заманы, Тоныкөк, Білге қағандар сөздері де бата еді. Тоныкөк айтады:

Халқыңды ашықтырма, Жер-суың иесіз болмасын. Адам баласы жаратылғаннан бері сөз — рухани серігі. Сондықтан адам табиғатқа, тарихқа, ұрпаққа өзінің аманатын сөз арқылы, бата-тілек арқылы жеткізеді. Бата сөзі тек қазақ жұртында ғана емес, түркі-моңғол халықтарында бағзыдан бар. Бурят елі мұны «юролы», ал алтайлықтарда — «алкышы» не «алкыш сос», моңғолша — «еролы» деп аталады. Ал қазақ бата сөздерінің жиналып жариялануы ХХ ғасырда басталған еді. Әлкей Марғұланның айтуынша, ғұннан кейін нағыз қасиетті, киелі бата сөздерін айтқан — Қорқыт бабамыз.

Адалдан бер, ақтан бер! Пәлекетін жатқа бер! Ер маңдайын баққа бер! Абырой асар жаққа бер! Мерейі асқан еренім, Кебек сынды таққа бер!

— Жалпы, батаның қандай түрлері бар? — Түрі көп: дастарқанға, баланы сүндетке отырғызғанда, алғаш тайға мінгізгенде, бие байлағанда — «кымыз мұрындық» дейді, биені ағытқанда — «сірге жияр» бар, жаңа үйге кіргенде, алыс сапарға шыққанда, аңға шыққанда барша игі істің алдында үлкендерден бата сұрайды. Содан қазірге дейін сақталғаны — дастарқанға бата беру. Бұл — бүкіл елдің аمانдығын, халықтың бақытты болуын, мемлекеттің мәнгі өмір сүруін, келешек ұрпақ аمانдығын тілеу. Ал жана отау құрғандарға арналған мынадай бір бата бар: — Жас ананың ұяқысын берсін, Жас баланың күлкiсін берсін. Даланың жазықтығын берсін, Гүлдің нәзіктігін берсін. Түнгі оттың жалынын берсін, Асаудың арынын берсін. Алла тағала не берсе — қайырлы, құтты қылып берсін! Биыл тоқсан жылдықтай алып жатқан жазушы, этнограф, зерттеуші, марқұм Зейнолла Сәніктің он бес томдық кітабы бар. Онда Қытай қазақтарының бата сөздері келтіріледі. Қазақтың ас беруі кезінде дастарқан басына үлкен табакпен ет ұсынылады. Сонда қарияларының берген батасында: — Бізге берген асыңыз — аман болсын басыңыз. Жүзге жетсін жасыңыз, өрге өрлесін тасыңыз, Табаңда қалсын қасыңыз. Бізге берген жамбасың — көбейе берсін мал басың. Бізге берген жiлiгiң — арта берсін бiлiгiң. Бізге берген омыртқаң — малың болсын шұбыртқан. Бізге бердің белдеме — мәлім бол шет елге де.

Қазақ халқы ықылым заманнан сөзге тоқтаған, тіл мен тілекке сенген. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп жақсылықтың жарымын тілегіне қосқан халық. Ал бата – киелі сөз атасы. Ел жайындағы рухани мұра ғана емес, ұрпаққа бағыт-бағдар беретін өсиет. Үлкеннің ақылы, дананың дұғасы, халықтың тілегі. Бата – қазақтың жанына біткен жақсылықтың жарығы. Сол жарықты ұлықтай білсек, ұтылғанымыз жоқ. Сондықтан батаның болмысы туралы білмек ниетпен филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимовпен сыр-сұхбат құрдық.

Бізге бердің бас — асудан әрі ас. Бізге бердің шай — көңілің болсын жай. Қазақтың дастарқаны тұнып тұрған поэзия, философия, ғибрат. Біз сөзді түсінуіміз керек. Сөз — канаттандырады, жігерлендіреді, білімді толықтырады. Сондықтан да қазақтың батасы — тілек, дұға. Ал енді батаның тағы бір түрі бар. — Батаны кімдер берген? — Батаны кез келген адам бермеген және екіншісі бірі алмаған. Халел Досмұхамедұлының еңбегінде: «Өз ісінің әбден төселген, ысылған, тәжірибелі шебер, мәселен, би, акын, бақсы, зергер және тағы басқалар өздерінің қасиетті өнерін ізбасар, шәкірттеріне аманат етіп тапсырғанда ақ батасын береді» деп жазады. Тәжірибелі бақсы-тәуіптер, ел білетін емшілер, би-шешендер өздерінің өнерін жалғастырушы ізбасарларына, сенімінен шыққан шәкірттеріне ғана баталарын берген. Мысал ретінде Сегіз серінің бірі атақты ғұлама Қаныш Сәббаевтың әкесі Имантайға берген батасын келтірейік. Акын жас нәрестенің елдің жүгін арқалайтын алып, ақылгөй болуын армандайды. Соның бір үзіндісі мынадай:

— Қазыбектей халқыңның данасы бол, Қарабастай жұртыңның бабасы бол. Елін қорғап, дұшпанға соққы берген, Үш жүздің Бөгембайдай панасы бол! Немесе халық поэзиясының майталманы Жамбылдың батасын алайық: — Құдайым, осынау үйге дүа берсін, Тіл-аузын дұшпанының буа берсін. Келіннің балағынан бала саулап, Салты ерін сары ұлдар туа берсін! — деген өсиет сөзде қаншама мағына, мән бар десенізші! — Сұхбатымыздың соңын мынадай сұрақпен қорытындыласақ. Сіз кімнен бата алдыңыз? — Ең ерекше есімде қалған мына оқиға. 1979 жылы тамыз айы ораза болатын. Алматы қаласында қасқарайған уақытта Абай даңғылында үлкен ақ кимешек киген, ұзын бойлы бір әже: «Қалқам, көзім бұлдырап тұр, үйімді таба алмаймын, жеткізіп тасташы», — деді. Үйім бөлен жерде деп, жеткізіп тастаған сон: «Шай іш», — деді. Түн болған уақыт, асығып тұрдым да шайға қалмадым. Сонда әже:

— Айдай жарқыра, Жұлдыздай жылтыра. Маңдайың ашық болсын, Дұшпаның қашық болсын, — деп батасын берді. Сол әже берген батаны жазып алып, кейін бата сөздерді іздей бастадым. Сөйтсем, Мұхтар Әуезовтің Еңлік-Кебек пьесасында Нысан абыздың батасын: — Адалдан бер, ақтан бер! Пәлекетін жатқа бер! Ер маңдайын баққа бер! Абырой асар жаққа бер! Мерейі асқан еренім, Кебек сынды таққа бер! — деп жазса, Жиенғали Тілепбергеннің Ізбасар жинағында:

— Алты қанат ақ орда үйің болсын, Алты атанға жүк артқан күйің болсын, Ойлағанда ойың толсын, Меруерт-маржанға бойың толсын, — деген батаны кейіпкерлердің диалогтері ретінде келтірген екен. Кейін Тіл білімі институтында Тоқтар деген зерттеуші ағамыз Ахмет Байтұрсынұлының хрестоматиясындағы баталарды айтты. Одан бөлек, 1905 жылы Орынбор қаласынан шыққан Васильевтің Благословение деген сирек қордағы, көпшілік пайдаланбайтын кітапшасын тауып алдым. Кітапшадә казакша баталар орысша жазылған екен. Сондағы бата үлгілері: — Е, Құдайым, жаздай бер, Жаздай берсең — жазбай бер! Е, Құдайым, күздей бер, Күздей берсең — үзбей бер! Е, Құдайым, қыстай бер, Қыстай берсен — қыспай бер! Е, Құдайым, көктемдей бер, Көктемдегі көгеріп өскендей бер! — деп жазылыпты. Сөйте-сөйте ел ішінен, қариялардан жинақтап жүріп, 1992 жылы «Ақ бата» деген жинақ шығардым. — Керемет, аға! Өз өмір жолыңыздан көргеніміздей, бір әженің жүректен шыққан ақ батасы тұтас рухани ізденістің бастауы бола алады екен. Рәкмет сізге, аман болыңыз!

Сұхбаттасқан Гүлнаурыз СОЯН

Түс ауа Петропавл қаласына табан тіреген бойда қо-накүйге жүгімді қалдырдым да бірден Абылайдың Ақ үйіне бет алдым. Абылайдың Ақ үйі тарихта қазақтың ұлт болып қалыптасуына, сақталып қалуына дәнекер болған жер. Талай тарихи шешім қабылдаған заманның, өткен дәуірдің қара шаңырағы.

ЖАЛАҢАШ аққайындар

АҚҮЙДЕГІ ОЙ

Негізгі іс-сапарым «AMANAT» партиясының Әйелдер канатының іс-шарасы еді. Алайда алдын ала бір күн ерте келіп, Бас шаңыраққа бас сұғып, тарихи шешім шыққан табалдырыққа тәу еттім. Петропавлда келгендегі менің ең бірінші мақсатым — осы. Екіншіден, қазақтың ұлы ақыны Мағжан ауылына, Сартомардағы мұражайына барып, ақынның ұстаған, пайдаланған түпнұсқа заттарын көргім келді. Өз қолыммен ұстап, қазақ руханияты жаршысының, жыр Атасының рухын жүрекпен сезінуді қаладым.

— Қиын күн туған алаш баласына, Шұбырып жапанның жар даласына, Кез болған жасудан үркіп «Ақтабанға» Дұшпанның қонғандай боп табасына. Арқаға аяқ салып, түскен барып, Екі оттың — орыс, қытай арасына. Күндерде сонау-қара, тапсырған ел, Таңдырың Абылайдай данасына. Сол күнде ел қорғаған Абылайдың Қылсаң да аз тәуеп етіп моласына, — деп Мағжан жырлаған хан Абылайдың Ақ үйінің алдындағы асқақ ескерткіштің алдында тұрғанда осы өлең жолдары есіме түсті. Ат үстіндегі хан Абылайдың айбатты мүсіні халқының қайсар рухын, ештеңеден тайсалмайтын өжет болмысын дәлелдеп тұрғандай.

Ақ үй аталуы да тегін емес. Мұнда ел мен жердің тұтастығын сақтап қалу жолында тарихи келіссөздер жүргізілген. Ақ ордада хан Абылай жоңғар билеушілерімен, Қытай империясы, Ресей патшалығының елшілерімен кездесуде қазақ елінің саяси және экономикалық мүддесін қорғаған. Абылай хан мәмілешілдігінің, шебер маневр жасауының арқасында елдің шығыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды. Хандық басқару тәсілінің мықтылығымен қазақ мемлекетін халықаралық



деңгейде таныта алды. Ресеймен қарым-қатынасты саяси құрал ретінде пайдалана отырып, ішкі тұрақтылық пен сыртқы қорғанысты нығайтуды мақсат етіп, оны ішінде бүгіп қалып, ойын ашықтан-ашық жария етпестен әрбір кездесулерде елге тиімді, ел тәуелсіздігі стратегиясынан ауытқымай әр сөзін, қадамын есеппен басып, дипломатиялық әрекеттерге жол ашты.

МАҒЖАН АУЫЛЫНА САПАР

Әйелдер канатының іс шарасы өтетін күн белгілі болды. Бос уақытты пайдаланып, таң алакеуімде Мағжан ауылына жолға шықтым. Барынша жылдамдықты үдетіп зуылдап келеміз. Рөлдегі егде тартқан Төлеген есімді азамат. Аудандық партия филиалының төрағасы жол жөнекей елді мекендер жөнінде айтып берді. Құдайдың құдіретін қайтерсің тасжолдың екі шетіне екі көл біткен. Бірі — Тұзды көл, екіншісі — Тұзсыз көл. Заманында екі көл қосылып жатқан деседі. Кейінірек суы тартылып, азая бастаған соң арасынан тасжол салған. Жолдың екі шетінде аққайындар мен бірлі жарым қылқан жапырақты қарағай самсап тұр. Аққайынның сұлулығын қандай ақын жырламады десейші. Жапырағы жұмыртқа пішінді, жиегі ара тісті, ұсақ бұтағы жұптап орналасады. Ең қызығы, аққайын көктемде сәуірдің аяғы мен мамырдың басында жаңғақ ағашынан кейін гүлдейді. Аналық пен аталық гүлшоғыр тозанын жел көтергенде айнала ақ ұлпаға бөленеді. Гүлдері де кәдімгі балауса қызыл сырғасына ұқсайды. Табиғатқа тамсанып отырып, Сарытомарға да жақындап қалсақ керек. Аққайындар тоғайы бірте-бірте жапырағы селдір жаланап қайындарға айнала бастады. Жаңағы керемет әдемі көрініс зым-зия.

— Қайғылы қайың! Аяншы жайың, Сыбырайысың, Дірілдейсің, Еңкейесің, Кубірлейсің, Ызғарлы жел



Соққан сайын, — деп Мағжан жырға қосқан аққайынның жапырақсыз сұрқын көргенімде ішкі дүнием жылап қоя берді...

Сартомар ауылында 205 қана тұрғын бар, 210 орынды мектепте 62 оқушы оқиды. Ал Молодежное ауылында 197 тұрғын ғана қалыпты. Ауылдағы үш қабатты 600 орынды мектепте бастауыш сынып қана білім алады. Жас біткеннің ағылып қалаға кеткені жанынды ауыртады. Қазір ауыл шаруашылығына, кәсіпкерлерге беріліп жатқан жеңілдік осыдан он жыл бұрын берілгенде ауылдан жапа-тармағай көшу болмас па еді... Солтүстіктің майлы қара топырағы құнарлы, егіншілікке де, мал шаруашылығын өркендетуге де қолайлы. Қасымда жол көрсетіп алып жүрген азамат Төлеген Әлжанұлы 2003-2012-жылдары осы округте әкім болған. Оның айтуынша, сол уақытта жеті жүзге жуық ауыл тұрғыны елу шақты шаруа қожалығын құрып, жұмыс істепті. Ал қазір ахуал басқа. 2000 жылдан бастап ауылға көшіп келушінің дені Қытайдан келген қандас болса, соңғы үш жылдың көлемінде алты отбасы онтүстік өңірден қоныс аударыпты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылы республика бойынша жұмыс күші артық өңірден еңбек тапшылығы бар өңірге көшіру үшін 6 727 квота бөлді. Оларға қолдау көрсететін 7 облысты айқынады. Жалпы, 2 024 жылы 7 облысқа 7 050 квота бөлінген. Соның ішінде Солтүстік Қазақстанға Түркістан облысынан 197 отбасы, 694 адам қоныс аударды. Өзекті мәселені көріп, көз жұмбай, қалам тербедім. Бұл менің емес, Мағжан туған өлкенің мұны.

...Мағжан Жұмабаев мұражайының директоры Айгүл Тендікқызы мұражайдағы жәдігерлерді тәптіштеп таныстырып жатыр. Өз ісін жақсы көретіні дауыс ырғағынан-ақ білініп тұр. Мағжан жатқан кереует, тұтынған жайнамаз, Мағжанның әкесінің қажылықтан алып келген Құран кітабын



қолыма ұстап тұрып ойға шомдым. Мағжанның «Есімде тек таң атсын» өлеңі ойға оралып, тереңіне бойладым.

— Мезеліше, мейлі келсін, тісі батсын, Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын. Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз, Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

Таң да атты, Тәуелсіздіктің ақ шамының жарығын да көріп жүрміз. Бірақ рухты шыңдап жүрміз бе? Мағжан аллеясындағы кітап ескерткішіне үнсіз көз тастадым. Мағжан ашып кеткен кітапты әрі қарай мәйегін мүжик парактай алдық па?

Мағжанның өкесінің қабірі Петропавл қаласындағы саябақта жерленген. Қаланың как ортасында болған соң ескі қабірлерді сүріп, жаңа нысан салып тасталамағанына риза болдым. Адамдар жиі келетіні байқалып тұр. Қабірдегі шөптерді жулып, тазалап жатып, анамнан естіген «Топырағың жеңіл болсын» деген сөзді айтып, топырағын аудардым. Аргынша Мағжанның «КЕЛЕШЕК», «КЕШЕ», «БҮГІН» өлеңін көкейімде жаңғыртып, жолға шықтым.

— «Келешек» пенен «кеше» — анық, «Бүгін» деген бір бу ғой. Бұлт басқан беті нұрланып, «Келешек» деген күн анық. Өткен кеше ұрланып, Естен кетпес бір у ғой. «Келешек» пенен «кеше» — анық, «Бүгін» деген бір бу ғой.

Расыммен, келешек кешегі мен бүгіннің қосындысы. Ақынның туған жерін көріп, өзі жырлаған аққайынның саясында отырдым. Олар да өткен мен бүгіннің жырын жырлайтындай. Тек мен олардың тілін түсінбедім. Біз алыстаған сайын Мағжанның өлкесі де «қимай» тұрғандай. Мен де санаулы тұрғыны бар теріскейдегі ауылдың оты сөнбесе екен деп тіледім.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары

ӨЗЕКТІ

БИДАЙДЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛДЫР МА?

Диқан қауымының көңілін алаң қылған түйткілді мәселенің көбеюі елде бидай дақылын себуден қашып, тіпті мүлде бас тартып жатқан жайтқа ұласып жатыр. Жылдар бойы қайталанып келе жатқан бидай бағасының тым төмендігі, жеңілдікпен берілетін несиелерді ала алмау сияқты қордаланған мәселелер ауылдағы шаруаның шақшадай басын шарадай еткен...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Егістік алқаптарының санын қысқартуға, тіпті дән себуден біржола бас тартқандардың қатары артқан. Дикан қауымы бидай дақылын себудің тиімсіз болып бара жатқанының бірнеше нақты себебін атап, саланы дамытуға жауапты құзырлы министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар іске салғырт қарауды доғармаса, алдағы бірнеше жылда еліміз көлімгі бидайдың өзін шетелден импортқа тасымалдауы да мүмкін екенін жеткізді.

Иә, құзырлы органдар мен дикандардың келтірген дәйекті деректері осыған саяды. Дикан қауымының айтуынша, бидайдан түсетін табыс көлемі жылдан-жылға азайып барады. Көктемгі егу жұмыстарынан бастап күзгі жиын-терімге дейін шаш етектен шығынға бататын шаруалар алған қарыздары мен несиелерін де жаба алмай құралақан қалатынын, бастан асқан аса көп мәселемен тек өздері бетпе-бет қалғанын айтып шырылдайды. Солардың бірі Ақмола облысы Атбасар ауданына қарасты Есенгелді ауылындағы дикан Нұрбай Жүсіпов егін егудің тек шығынға толы болғанынан қарыздан көз ашпай жатқанын ашық айтты.

— Біз сияқты қарапайым дикандар үлкен қиындықты бастан кешіп жүр. Міне, бірнеше жыл бойы қарыздың үстіне қарызға кіріп, еккен егінмізбен оны мүлде ақтай алмай жүрміз. Жеңілдетілген несие деген атымен жоқ. Манайлай алмайсың. Қазіргі жағдаймыз бәсе қиын. Жері үлкен ірі шаруалар болмаса, 300-400 гектарды місе тұтқан біз сияқты ұсақ шаруалардың күні

қараң болып барады. Жана лизингке техника алу да қиын. Бидайдың бағасы аса төмен болды. Жергілікті әкімдіктен де, банктерден де еш қайыр болмай тұр. Біз киналған үстіне киналып кеттік. Бұлай бола берсе, еліміз шынымен нансыз қала ма деген қаупім де бар. Түйткілді мәселені реттеуде жергілікті билік органдары араласып, шаруаларды қинайтын қандай мәселелер бар екенін анықтап, бірлесе шешу жолдарын қарастырса ғой. Ол жоқ. Көпшілігі жабылып тарап кетіп жатыр. Жағдай аса қиын, — дейді дикан Нұрбай Жүсіпов.

Жылдан-жылға бидай алқаптарының азайып бара жатқанын Ауыл шаруашылығы министрлігі де растап берді. Табыс көлемінің төмендеуіне байланысты астықты аймақтардағы шаруалар мен фермерлер кәсібін тастап, басқа саланы таңдауды ұйғарған. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми деректеріне сенсек, биыл елімізде жалпы аумағы 23,7 миллион гектар алқапқа егін егілген. Оның ішінде үлесі басым бидайға бөлінген жер көлемі жылдағыдан біршама төмендеген. Биыл небәрі 13 миллион гектарға ғана бидай себіліпті.

Салыстырмалы түрде айтсак, былтыр елімізде 16,6 миллион гектар бидай егілген. Алайда мұның өзі 2023 жылға қарағанда 5,1 пайызға қысқарған болып шықты. Яғни, статистикалық деректердің өзі бидай егуден мүлдем бас тартқан дикандардың көбейіп бара жатқанын айғайтай түседі.

Мұндай қарқын жалғаса берсе, алдағы бірнеше жылда елде шынымен де нан илеу үшін бидайды шетелдерден импортқа алатын күйге түсуіміз әбден мүмкін. Дегенмен



Ауыл шаруашылығы министрлігі бидай алқаптарын азайту жоспарлы түрде жүзеге асып жатқанын, тіпті алдағы жылдары бидай егілетін жердің одан әрі азаятынын хабарлады.

— Биыл да егістік алқаптардың құрылымын әртараптандыруға ерекше назар аударылды. Бұл ретте егін айналымының ғылыми негізделген нормалары, климаттық тәуекелдерге төзімділік және нарықтық үрдістер ескерілді. Нәтижесінде, өнімділігі жоғары және сұранысқа ие дақылдардың егіс көлемі ұлғайды: майлы дақылдар 3,4 миллион гектарға көбейді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 0,5 млн гектарға артық. Малдың жемазықтық дақылдары — 3,3 млн гектарға, яғни 114 мың гектарға артты. Дәндік жүгері — 167,5 мың гектарға, көкөніс-бақша дақылдары 222,3 мың гектарға егілді, — деді Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдері.

Министрліктің мәліметінше, тіпті бидай дақылдарын азайту еліміздегі аграрлық кешендердің жұмысын жандандырып,

экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді-мыс. Мұны Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров та айтты.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Осының нәтижесінде соңғы 2 жыл ішінде бидай алқабы 750 мың гектарға, биыл 187 мың гектарға қысқарды. Ал мал азығы мен майлы дақылдар алқабы күрт ұлғайып, 3,3 миллион гектарға жетті. Күнбағыс алқабы алғаш рет рекордтық 1,4 млн гектарды құрағалы тұр. Дәнді және бұршақ дақылдары 16,6 млн гектарға егілді, — дейді Ауыл шаруашылығы министрі.

Дегенмен саланың жілігін шағып, майын ішкен сарапшы мамандар бидай алқаптарының жылдан-жылға азаюы жергілікті диірмендердің де жағдайын шатқаяқтап жібере ме деп қорқады. Өйткені негізінен бидайы өте сапалы теріскей мен Шығыс Қазақстан облысының дикандары егін егуден жаппай бас тарта

бастаған. Жері құнарлы, жауын-шашын көлемі мол бұл аймақтарда бидайды өсіруге климаттық жағдай аса қолайлы болғанымен, дикан қауым шығынға белшесінен батқандықтан, бидайдың көлемін азайтуға іс жүзінде мәжбүр болып жатқанын ашық айтып отыр.

Ресми келтірілген деректерге жүгінсек, теріскей облыстар мен Шығыс Қазақстан аймақтарында бидай себілетін жер көлемі бірден 25 пайызға дейін азайып кеткен. Оның орнына табыс көлемі молдау болатын күнбағыс, рапс, зығыр мен жасымық егілетін алқаптарға басымдық беріліпті.

Мамандар елімізде бидай «басты дақыл» мәртебесінен 2021-2023 жылдардан бері айырыла бастағанын алға тартады. Оған себеп бидайға берілетін субсидия көлемінің тым төмендеп кетуі болса керек. Шарасыз күйде қалған шаруалар ақыры басқа дақылға көше бастаған секілді.

Тағы да сол ресми деректерге жүгінсек, елде мемлекеттік қолдауымен май дақылын өңдеуші зауыттардың дәуірені жүріп тұрғаны байқалады. Статистикасын қарасак, жыл сайын майлы дақылдардың өнім көлемі 1 миллион тоннаға жоғарылап барады. Биыл тіпті 5 миллион тоннаға жетіп жығылған. Зауыт біткен шаруасын дөңгелету үшін майлы дақылдар егетін шаруаларды «шаммен іздеп» басқалардан бұрын өнімін өзі келіп алып кетуге әзір. Өйткені шикізат аса жоғары сұранысқа ие. Осыдан кейін бағаның да аспандауына әкелген. Мәселен, күнбағыс тоннасының құны былтыр 130 мың теңгенің айналасында болса, биыл бірден 230 мың теңгеге бір-ақ секірген. Салыстырмалы түрде айтар болсак, былтыр жыл соңына қарай бидайдың құны 90-95 мың теңгеге дейін түскені көптің есінде шығар. Қазірдің өзінде бағаның 100 мың теңгенің ол жақ-бұл жағында екені ақиқат.

Қысқасы, бұлай жалғаса берсе, дастарқанның сәні болар нанның өзі жеңіск асқа айналуы мүмкін.

ТҮЙТКІЛ

Атырау облысының табиғи інжу-маржаны – «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватында тұтанған өрт апаттың ауқымымен ғана емес, елдегі экологиялық, технологиялық және басқару жүйелеріндегі әлсіз тұстарды да ашып көрсетті. Бір апта бойы тоқтаусыз жалғасқан тілсіз жау өңірге үлкен сабақ болары анық.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

«Ақжайық» — Жайық өзенінің сағасында орналасқан, халықаралық маңызы бар сулы-батпақты мекен. Онда көптеген құс пен жануарлар мекендейді. Бірақ соңғы бір аптада бұл аумақ отқа оранды. Өзірге өрттің нақты шығу себебі анықталмаған. Алайда қоғамда түрлі болжам айтылып жатыр — қасакана өрт қою, немқұрайлы әрекет немесе табиғи себептер. Қасакана өрт қойылуы мүмкін екенін Атырау облысы төтенше жағдайлар департаменті мамандары Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте растады.

Облыс әкімі Серік Шәпкенов бұл мәселеге қатысты арнайы жедел штаб отырысында мәлімдеме жасады: «Менің тапсырмам бойынша тиісті органдар өртке себеп болуы мүмкін барлық жағдайды зерттеп жатыр. Егер адам факторы анықталса — кінәлілер заң алдында жауап береді», — деп нақтылады ол.

Демек, бұл оқиға жай ғана өрт емес. Бұл — табиғи қауіпсіздіктің, экологиялық тәртіптің, және мемлекеттік бақылаудың деңгейін бағамдауға болатын нақты мысал.

НЕ СЕБЕП?

Мамандардың айтуынша, қамыстың шамадан тыс өсуі, Каспий теңізінің тарылуы, ылғалдың азаюы — бұл өрттің таралуын тездеткен негізгі себептердің бірі. Тұйықталған каналдар мен құрғаған батпақтар бұрынғыдай отқа тосқауыл бола алмай отыр. Мұның бәрі климаттық өзгерістің айқын әсері. Бірақ... Бұл процесті ертерек болжауға болмас па еді?

Биыл алғаш рет төтенше жағдай кезінде тепловизорлы дрон қолданылды. Ол көзге көрінбейтін, терең қабаттардағы бықсыған ошақтардың анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар өрт аумағына Манғыстаудан тікұшақ жіберіліп, бір күнде 258 тонна су төгілді. Жерден 150 маман мен 40-қа жуық техника, әскери қызметкерлер жұмылдырылды.

Иә, бұл — бағыл әрі кәсіби әрекет. Бірақ сурақ туындайды: неге дәл осындай жағдайға жеткізілді? Егер климаттың өзгеріп жатқанын білсек, неге резерватта өртке

«АҚЖАЙЫҚТАҒЫ» АПАТ: ӨРТТЕН САҚТАН, ӘЛЕУМЕТ!



қарсы алдын ала шаралар жүйелі түрде жүргізілмеді?

АЛДЫН АЛУҒА БОЛАР МА ЕДІ?

Сарапшылар пікірінше, Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың көпшілігіне ортақ бір проблема — өртке қарсы инфрақұрылымның жоктығы. Су көздері алыста, бақылау жүйесі әлсіз, персонал жетіспейді, ал табиғи апатқа дайындық формалды сипатта қалып отыр.

Резерваттарда өрт қауіпсіздігі картасы, минералды жолақтар, мониторинг жүйесі, ерте ескерту құралдары, арнайы оқытылған мамандар — мұның бәрі заң жүзінде болуға тиіс. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл міндеттердің орындалуы өте төмен деңгейде.

Облыс әкімі Серік Шәпкенов өз сөзінде былай деді:

«Бұл — кейінге қалдыруға болмайтын бірқатар жүйелі мәселенің бетін ашты. Мұндай жағдай енді қайталанбауы үшін Экология және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп кешенді жоспар қабылданады».

Шынында да, елімізде табиғи апатқа қарсы саясаттың өзіндік тұжырымдамасы болуы қажет. Қазіргі ахуал төтенше жағдай болғанда ғана әрекет ететін «реактивті жүйенің» бар екенін көрсетіп отыр. Ал табиғатты қорғау — тек бір сәттік шара емес, ұзақмерзімді және алдын ала жүргізілетін үдеріс болуға тиіс. Өртпен күресте уақытпен санаспай еңбек еткен құтқарушыларға, әскери қызметшілерге, резерват қызметкерлеріне алғыс білдірілуде. Әкім тұрғындарға да шыдамдылық пен түсіністік танытқаны үшін ризашылық білдірді.

Бірақ бұл алғыс шын мәнінде жүйелі өзгеріске жол ашуға түрткі болуы тиіс. Табиғат жанашырлары, экологтер, БАҚ, жергілікті халық — бәрі бірігіп, табиғи мұраны қорғау ісінде жана көзқарас қалыптастыруы керек.

БОЛАШАҚТА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Эколог Арман Хайрулиннің пікірінше, ең алдымен, экожүйелік түгендеу жүргізіп, шымтезек, қамыс, құрғақ өсімдіктер көлемін нақтылау керек. «Тұрақты мониторинг жүйесін (жер үсті + дрон + спутник) енгізу; су көздері мен каналдарды қалпына келтіру; қамыс пен шөпті ору, тазарту жұмыстарын тұрақты циклге қою, жергілікті қауымдастықтарды өртке қарсы оқыту, еріктілер отрядын дайындау маңызды», — дейді табиғат жанашыры.

Бірнеше жылдан бері «Ақжайық» резерваты мәселесін көтеріп жүрген эколог, қоғамдық белсенді Галина Чернованың айтуынша, алапат өрттің қарапайым тұрғындар саулығына әсерін зерттеп жатқан ешкім жоқ.

«Өрт кезінде қала түтінге тұншығып, қолқа, өкпе, тыныс жолдары ауыратын созылмалы ауруға шалдыққан тұрғындарымыз сырқаты асқынып, қатты киналып қалды. Бұл — өз алдына зерттелетін тақырып. Оның үстіне, Каспий тартылып жатыр, Жайық суының деңгейі төмендеді. Қамыс пен шөптің шамадан тыс көбеюі, шымтезек қабаттарының кебуі — барлығы өрт қаупін бірнеше есе арттырған. Бірақ ең сорақысы, бұл жағдайға жыл сайын дайын болуымыз керек екенін біле тұра, нақты алдын алу шаралары жүргізілмейді. Қазір бұл тек салдармен күресіп жатырмыз», — дейді белсенді.

ҚАМЫС ТАБИҒИ РЕСУРС КӨЗІ МЕ?

Атыраулықтарды бірнеше жылдан бері әбігерге салған қамыс өртімен оны қадеге асыру арқылы күресуге болады. Химик ғалым Әсел Ондашованың айтуынша, қамысты дұрыс басқарса, оны табыс көзіне айналдыруға әбден болады.

«Қамыс — биік, сабағы қуыс, тез өсетін өсімдік. Ол топырақты ұстап тұрады, эро-

зияға қарсы күреседі. Суды сүзеді, батпақтар мен өзен-көл жағалауындағы судың сапасын жақсарталы. Көмірқышқыл газын сіңіреді, экологияға пайдалы. Малға төсеніш, құрылысқа шикізат ретінде қолданылады. Сондықтан қамысты қайда, қалай пайдалануға болады деген мәселе — назар аударарлықтай тақырып.

Біріншіден, құрылыс материалы. Қамыстың сабағы жеңіл әрі тығыз. Сондықтан қамысты блок (панель) ретінде үйдің шатырына, қабырғасына, экологиялық жылы оқшаулағыш (утеплитель) ретінде, жиһаз жасауда, сәндік элементтерге қолдануға болады.

Мысалы, Венгрия, Румыния, Қытай сияқты елдерде қамыс үй құрылысында кеңінен пайдаланылады. Оңтүстік Қазақстанда кейбір жеке шеберханалар қамыстан сәндік бұйымдар жасайды. Екіншіден, мал шаруашылығына төсеніш және мал азығы. Құрғақ қамыс — малға азық болмағанымен, мал қораларына қиды сіңіретін материал ретінде, қыста қорғаныш қабат жасауға ыңғайлы. Үшіншіден, отын және биоэнергетика. Қамыстан pellet (түйіршіктелген отын) жасауға; қатты отын ретінде жылыту жүйесінде қолдануға; сондай-ақ биогаз өндіруге болады», — дейді химик.

КОРЫТЫНДЫ: БҰЛ ТЕК ӨРТ ЕМЕС, БҰЛ — БЕЛГІ

«Ақжайық» резерваты — ЮНЕСКО-ның халықаралық маңызы бар сулы-



ТАҚЫРЫПТЫҢ ТҰЗДЫҒЫ:

2024 жылы «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты аумағында ірі қамыс өрті тіркелді. Өрт 9 қазанда басталып, 11 қазанда кешке толық сөндірілді. Жалпы өртенген аумақ шамамен 800—1000 гектар болды. Бұл өртті сөндіру үшін төтенше қызметкерлер, техникалар, тіпті авиациялық жәрдем тартылды. Сол кезде облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев «Ақжайық» резерватында база тозып, маман жетіспейтінін айтып дабыл қағып, резерватты Атырау облысы әкімдігінің балансына алу мәселесін көтерген еді. Тіпті, тиісті министрлікке ұсыныс та жолданды. Бірақ министрлік «Ақжайықтың» табиғи байлық екенін айтып, оны жергілікті билікке балансқа беру заңға томбақ деген мәлімдеме жасады. Содан бері өрт тағы қайталанып жатыр. Бірақ өзгерген ештеңе көрінбейді...

АЙМАҚ

26 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ



Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Түркістан облысында биылғы егіс науқаны бұрынғы жылдармен салыстырғанда ауқымды түрде жүргізілуде. Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің мәліметінше, 2025 жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 890 мың гектарға орналастырылған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 17 мың гектарға артық. Мұндай өсім, ең алдымен, өңірдегі егістікті өртараптандырудың нәтижесі екені атап өтілді.

Атап айтқанда, мақта алқабы 35 мың гектарға, дәнді дақылдар 11 мың гектарға, майлы дақылдар 2,4 мың гектарға ұлғайған. Ал керісінше, бақша өнімдері мен мал азықтық дақылдарының көлемі тиісінше 9 және 10 мың гектарға қысқартылған. Егістік жерлердің ішінде 552 мың гектары суармалы алқаптар.

Вегетациялық маусым дәстүрлі деңгейде басталғанымен, табиғи климат жағдайларына байланысты облыста ағын су тапшылығы туындау қаупі жоғары. Облыстың жылдық су қажеттілігі 4,8 млрд текше метр болса, нақты

жеткізілім көлемі оның 70 пайызына, яғни 3,4 млрд м³ -ке жуық деңгейде болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде бірқатар қиындықтарға алып келуі ықтимал.

Ағын судың негізгі көздері ретінде Сырдария, Арыс, Келес өзендері мен Қаратау бөктеріндегі су арналары саналады. Биылғы жылы ауа райының аса құрғақ, жауын-шашынсыз өтуі — бұл су көздерінің толыққанды жұмыс істеуіне әсер етіп отыр.

Су тапшылығына жол бермеу мақсатында облыс әкімдігі тарапынан нақты қадамдар жасалуда. Ағын су шаруаларға кезекпен, келісілген кесте бойынша беріледі. Әраудан мен ауыл округтеріндегі шаруашылықтардың ұсыныс-пікірлері ескеріле отырып, су реттеу жұмыстары ұйымдастырылған.

Ағын суды тиімді басқару және шығынды азайту бағытында су қоймаларын салу жобалары қолға алынуда. Қазірдің өзінде «Бәйдібек ата» және «Боралдай» су қоймаларының құрылысы бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Олардың қатарындағы «Бәйдібек ата» су қоймасының жалпы сыйымдылығы — 68 млн м³. Құрылысқа республикалық, облыстық және Ұлттық қор есебінен 7,3 млрд теңге

бөлініп, биылғы жылы қосымша 3 млрд теңге қарастырылған. Жобаның толық аяқталуы 2026 жылға дейін жоспарланып отыр.

Ал сыйымдылығы 45 млн м³ болатын «Боралдай» су қоймасына қатысты жобасметалық құжаттамалар дайындалып, 2025 жылдың соңына қарай мемлекеттік

«Басты талап су үнемдеу», — дейді Нұрбол Әбсаттарұлы баспасөз өкілдерімен кездесу барысында. Климаттың жылынуы мен су ресурстарының азаюына байланысты су үнемдеу технологияларын енгізу — уақыт талабы. Түркістан облысында 2025 жылы су үнемдеу технологиялары 59 мың гектарға енгізіледі деп

Сонымен қатар суару инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында бірқатар халықаралық жоба атқарылуда. Ислам даму банкі мен басқа да қаржы ұйымдарының көмегімен су арналары жөнделіп, тиімділігі арттырылуда.

«Облыстағы 25 су қоймасы, 1 су реттегіш және 269 канал (жалпы ұзындығы 4265 шақырым) күрделі жөндеуден өтеді. Бұл өз кезегінде су инфрақұрылымдарының тозу деңгейін 76 пайыздан 50 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Жөнделген жүйелер арқылы 400 мың гектарға дейінгі суармалы жерлерге су жеткізу мүмкіндігі жақсарып, нәтижесінде жыл сайын 200 млрд теңгенін ауыл шаруашылығы өнімі өндірілмек», — деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.

Облыстың жылдық су пайдалану лимитінің 63 пайызы көрші елдердің — Өзбекстан мен Қырғызстанның аумағындағы су көздерінен келеді. Сол себепті трансшекаралық өзендердің суын тиімді әрі әділетті бөлу — маңызды стратегиялық мәселе. Қазір «Достық» каналы арқылы Жетісай мен Мақтаарал аудандарына 28,6 м³/сек су келуде. Бұл өткен жылғы көлеммен салыстырғанда 10 м³/сек-ке кем. Сондай-ақ «Зах», «Ханым», «Үлкен Келес» арналары арқылы Сарыағаш, Келес, Қазығұрт аудандары 48,6 м³/сек су алуда. Бұл да былтырғы жылғы кезеңмен салыстырғанда азайған.

Брифингте «Шардара» су қоймасының алаңдатарлық жағдайда екені айтылды. Қазір қоймада 2,3 млрд м³ су бар — бұл былтырғы көрсеткіштен 45 пайызға аз. Су келуі де баяулаған: 2024 жылы 137 м³/сек болған болса, биыл 124 м³/сек. Осыған орай, Қазақстан мен Өзбекстан арасында жасалған келісімдерге сәйкес, Сырдария арқылы орташа есеппен 150 м³/сек су босату мәселесі шешімін тапқан.

Су тапшылығы мәселесі тек Түркістан өңірінің ғана емес, бүкіл елдің, тіпті жаһандық деңгейдегі проблемаға айналууда. Облыс басшылығы бұл күрделі мәселені шешу үшін нақты жобалар мен жүйелі жұмыстарды қолға алған. Алдағы жылдары су үнемдеу технологиялары мен жаңа су қоймалары ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының негізіне айналмақ.

БРАКОНЬЕРЛІКПЕН КІМ КҮРЕСЕДІ?

Биылғы жылға толықтай талдау жүргізген Ақмола облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы аңшылық шаруашылықтар мен қорықтардағы ахуалдың жай-жапсарын баян етті. Ведомствоның мәліметінше, аймақта жалпы аң аулайтын жерлердің аумағы 12 миллион 343 мың гектардан астам алып аумақты қамтыған. Оның ішінде, 12 миллион 114 мың гектарында 161 аңшылық шаруашылықтары орын тепкен. Жалпы, 10 миллион 278 мың гектар алқапта орналасқан орманды аймақтарда 139 аңшылық шаруашылықтары нақтылы түрде қызметтерін жүзеге асырып отыр. Олар 82 заңды және жеке тұлғалардың меншігіне алыныпты.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Дегенмен аңшылық шаруашылықтармен әлі күнге игерілмеген жерлердің де көлемі аса үлкен аумақты алып жатқан болып шықты. Ведомствоның ұсынған деректеріне жүгінісек, қазір облыс аумағында резервтік қордағы 22 бекітілмеген аң аулайтын жерде жалпы көлемі 1 миллион 836 мың гектар алқап бар екені анықталған. Жалпы облыс бойынша 1,8 миллион гектардан астам жер ешкімге берілмей мемлекеттік резервке қойылғаны мәлім болды.

КІІКТЕР САНЫ КӨБЕЙГЕН

Соңғы жылдары қазақтың сайын даласын еркін кезетін ерке жануар — киіктердің саны күрт азайып экологтар дабыл қаққан еді. Дегенмен соңғы бірнеше жыл ішінде ғана керісінше киіктердің саны бұрынғыдан қарағанда еселеп өсе бастаған. Сала мамандары өңірде киіктер санының бұрнағы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай артқанымен, аң-құсқа браконьерлік шабуыл деректерінің де күн санап көбейіп кеткенін алға тартады. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аумақтық инспекциясының дерегіне, биыл облыс аумағында киіктердің болжамды жалпы саны 100-105 мың басқа дейін жетіп жығылған.

— Биылғы сәуір айында ұшақпен киіктердің санын әуекеністігінде есептеу кезінде 21 647 киік көзге шалынды. Жалпы, өңірде 23 маусымдағы жағдай бойынша шамамен киіктердің саны 100 мыңнан асып 105 мыңға жуықтап қалғаны белгілі болып отыр. Қазір аңшылық шаруашылықтары заң аясында қайта тіркеуден өтіп жатыр. Жыл басынан бері бірнеше аңшылық шаруашылықтар жаңа иелеріне он жыл мерзімге қайта бекітіліп берілді. Атап айтқанда, «Степное» аңшылық шаруашылығы «Фламинго-НС» ЖШС-на, «Дударай» аңшылық шаруашылығы «Алтын-Қасқыр» ЖШС-



на, «Атбасарское» аңшылық шаруашылығы «Астана қаласы және Ақмола облысы аңшылары мен балықшылары қоғамы» қоғамдық бірлестігіне он жыл мерзімге қайта бекітілді, — дейді Ақмола облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Сала мамандары киік санының өсімін табиғатты қорғау жұмыстары мен аңшылыққа шектеу қоюдың он нәтижесі деп бағалайтынын жасырмады. Өйткені сайын даланың еркін жануары — киіктер бірінші кезекте экожүйенің тепе-теңдігінің маңызды буыны екені айтпаса да түсінікті. Сондай-ақ киіктер Қазақстанның символына айналған айрықша жануарлардың бірі болып саналады.

ЗАНДЫ БЕЛДЕН БАСҚАНДАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Тәртіп пен талап қатал болғанымен заңды өрескел түрде бұзып, аң аулағандар Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға да тартылған. Ведомствоның мәліметінше, тек жыл басынан бері ғана 13 әкімшілік материал жасалып, жалпы сомасы 137 020 теңге сомасына айыппұл салынған. Қазірге дейін барлық айыппұл толығымен өндірілген. Ведомство дерегіне, әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша мемлекетке келтірілген шығынның жалпы көлемі 176 940 теңгені құраған.

— Жалпы жыл басынан бері инспекция қызметкерлері жануарлар дүниесі саласындағы заңнамалардың сақталуына қатысты 228 мәрте рейд шараларын ұйымдастырды. Жүргізілген нақты жедел әрекеттердің нәтижесінде 176 мың 940 теңге айыппұл өндіріліп алынды. Құқықбұзушылықтардың арасында заңсыз аң аулау, рұқсатсыз жануарларды ұстау, тіркелмеген тасбақаларды заңсыз сақтау сияқты фактілер анықталды, — дейді ведомство басшысы.

Аумақтық инспекция әкімшілік құқықбұзушылықтармен қатар аймақта браконьерлермен қылмыстық істердің де азаймай керісінше көбейіп кеткенін мәлім етті. Тек жыл басынан бері ғана облыс аумағында алты бірдей қылмыстық іс қозғалған болып шықты. Браконьерлікпен айналысқандардың кейбірі бас бостандығынан айырылса, енді біреулері миллиондап айыппұл төлеген. Мәселен, Зерен-

ді ауданында үш бас елік атып алған үш жігіт ауылға жеткізбек болған жерінен қолға түскен. Тергеу барысында олардың бірі осыған дейін сотталған адам болып шықты. Бұл іске Көкшетау мемлекеттік ұлттық паркі зардап шегуші ретінде танылып, заңсыз аң аулағандардан 2,9 миллион теңге сомасында өтемақы өндірілген.

Сондай-ақ Сарыарқа ауданында техникалық қызмет көрсету стансасында заңсыз ұсталған арыстанның аланы табылып, бұл оқиға әлеуметтік желілерде қызу талқыға түсіп үлкен қоғамдық резонанс тудырған. Астана қаласы Сарыарқа аудандық полиция басқармасымен тіркелген қылмыстық іс бойынша күдіктілер анықталып, қазір оларға қатысты тергеу амалдары жалғасып жатыр.

ТАБИҒАТТЫҢ «ТАҒДЫРЫ» — ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚОЛЫНДА

Өңірде жануарлар әлемін қорғау және қамқорлық көрсету бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл орайда тек мемлекеттік органдар мен инспекторлардың ғана күшімен табиғатты толықтай қорғау мүмкін еместігі айқын сезіліп тұр.

P.S.

Әрбір адам табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан бұл мәселе де жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін естен шығармаған жөн. Киіктердің көбеюі — экологиялық жағынан дұрыс бағытта келе жатқанымыздың айқын көрінісі. Дегенмен олардың егін алқаптарын таптап кетуі сияқты өзекті мәселелер тағы бар. Сондықтан табиғаттың да залал шекпей, егіншілердің де астықсыз қалмауына ықпал ететіндей шараның жасалғаны жөн. Әрбір аңға оқ ату, жануарларды рұқсатсыз ұстаудың баршамызға ортақ — табиғатқа қарсы қылмыс екенін ұмытпасақ екен. Өйткені бүгінгі жануарлар әлемі мен қоршаған орта ертеңгі ұрпақтың өмірі мен болашағы үшін аса маңызды...

ЖАҢА ЖОБА — «МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ»

Қарағанды облысында мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетуге қоғамдық ұйымдар белсене араласып келеді. Мәселен, облыс орталығында жасы үшке толмаған балалары бар отбасыларға ертерек қолдау жасау орталығы ашылмақ. Бұл жобаны «Дара» қайырымдылық қоры жүзеге асырады. Жоба «Мүмкіндіктер уақыты» деп аталады.



Аталған жоба еліміздің бірқатар өңірінде іске қосылып үлгерді. Жоба жетекшісі Айгүл Табергенованың айтуынша, былтыр 11 аймақта психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің базасында 18 қызмет көрсету орталығы ашылды. Осы уақытқа дейін 170-тен астам отбасы білікті мамандардың көмегіне жүгінді.

— Биыл «Мүмкіндіктер уақыты» жобасы аясында алғаш рет әлеуметтік қорғау жүйесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Біз Қарағанды, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстарында үш жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға ертерек қолдау көрсететін алты қызмет ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл жас сәбилерді дамытудың аса маңызды кезеңі болып саналады. Орталықта арнайы оқытылған әлеуметтік қызметкерлер уақтылы және білікті қолдау көрсетеді. Сондай-ақ спикерлер ретінде инклюзия саласындағы халықаралық сарапшылар шақырылады, — дейді Айгүл Табергенова.

Жоба облыс әкімдігінің, оның ішінде облыстың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен іске асады. Қолдау қызметі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйде қызмет көрсету бөлімшесінің базасында орналасады. Қазір жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ал жұмыстар аяқталғанша қажетті жабдықтар толық сатып алынбақ. Бұдан бөлек, екі әлеуметтік қызметкер арнайы оқудан өтеді. Жаңа қызмет шамамен күз мезгілінде ашылуға тиіс. Барлық көмек тегін көрсетіледі.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

26 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ



ШАҒАРҒА

ШАҢ ЖҰҚТЫРМАЙ...

Көшені бір-ақ күнге тазаламай қалдырса, не боларын білесіз бе? Елордадағы Керей-Жәнібек хандар көшесінен бір тәулік ішінде 6 112 темекі тұқылы мен 658 алюминий банка, жүздеген балмұздақ орамасы мен банан қабығы жиналған. Бұл – «Астана Тазалық» мекемесі ұйымдастырған шағын ғана эксперимент. Бірақ оның берер сабағы орасан. Бір көшенің өзі бір-ақ күнде құл-қоқысқа толып шыға келсе, тазалық тек техника мен тәртіптің емес, сана мен мәдениеттің де ісі екенін еріксіз мойындайсың...

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ТҰҚЫЛҒА ТОЛЫ ТРОТУАР

Бас қала тазалығы — көзге көрінбейтін, бірақ күн сайын тиянақты атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сол еңбектің ішкі көрінісімен таныстыру үшін таяуда «Астана Тазалық» ЖШС журналистер мен қоғам белсенділеріне арналған ашық баспасөз туры



ұйымдастырды. Мақсат — қаланың санитарлық ахуалын көрсету ғана емес, тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеруге үн қосу.

Пресс-тур барысында қатысушылар мекеменің өндірістік базасын аралап, заманауи арнайы техника жұмысымен, цифрлық басқару жүйелерімен және тазалық қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайымен танысты. Астана тазалығына жауапты 31 ұйымның бірі саналатын бұл мекеме бүгінде елорда көшелерінің 40 пайызына қызмет көрсетіп отыр. Ұйымдағы 1 500-ге жуық қызметкер мен 400-ден астам техника — бас шаһарға шаң жұқтырмай, қала тынысын таза ұстауға тырысып келеді.

Алайда тазалықтың қадірін бір күнге тоқтаған тірлік арқылы ғана түсінуге болады. Осы орайда мекеме шағын, бірақ елеулі бір тәжірибе өткізген. Қаладағы басты көшелердің бірі — Керей-Жәнібек хандар көшесінен бастап Мәңгілік ел салтанат қақпасына дейінгі аумақ бір тәулік бойы әдейі тазаланбай қалған. Жиналған коқыс көлемі жұртты ойландырмай қоймады: ертеніне 6 112 темекі тұқылы, 658 алюминий банка, 436 балмұздақ орамасы, 343 қағаз қалдығы, 78 банан қабығы табылған.

— Бұл көрсеткіш тұрмыстық ластанудың ауқымын ғана емес, сонымен қатар қалалық өмір салтында қалыптасып қалған зиянды дағдыларды да айқын аңғартады. Әсіресе, темекі тұқылының басым болуы — алаңдатарлық жайт. Бұл қала келбетіне кері әсер етіп қана қоймай, тұрғындардың денсаулығына да тікелей қауіп төндіретін, көшедегі ең кең таралған коқыс түріне айналып отыр, — дейді «Астана Тазалық» ЖШС директоры Замир Сағынов.

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕ — АШЫҚТЫҚ ПЕН ТӘРТІП КЕПШІ

Бүгінде «Астана Тазалық» ұйымы заман талабына сай жаңғырып келеді. Санитарлық тазалық саласында алғашқылардың бірі болып цифрлық трансформацияны бастаған мекеме электронды жол парақшасы жүйесін



Біздің жұмысшыларымыз — таңның атысынан күннің батысына дейін далада еңбек ететін жандар. Олардың демалысы мен денсаулығына көңіл бөлу — басты басымдықтарымыздың бірі. Жақында «Отбасы банкімен» бірге қызметкерлердің үй алу мәселесі бойынша меморандумға қол қойғалы жатырмыз.



енгізіп, техникалық қызметті толық бақылауға көшкен.

Жаңа жүйе арқылы техника базадан шыққан кезінен бастап, әрбір қозғалысы GPS арқылы қадағаланады. Жүргізуші жұмысқа келген кезде QR-кодты сканерлеп, арнайы қосымша арқылы жұмысына кіріседі. Осы сәттен бері техниканың жүрген жолы, тоқтаған уақыты, жанармай шығыны — бәрі жүйеде нақты



тіркеліп отырады. Бұған дейін қағаз түрінде болған жол парактары енді цифрлық платформаға көшіріліп, уақытқа үлгеру, есептілік және тиімділік қамтамасыз етілген.

— Бұл жүйе арқылы техниканың қозғалысын ғана емес, оның тиімділігін де бағалай аламыз. Мәселен, техника қанша уақыт қозғалыста болған, қанша уақыт жанармай бекетінде тұрған, қандай көшелерде жүрген — бәрі көз алдымызда, — дейді мекеменің бөлім жетекшісі Базыл Сүлейменов.

Сондай-ақ бұл жүйе жүргізушінің тәртібі мен жанармай үнемдеу көрсеткішін бақылауға мүмкіндік береді. Артық бос жүріс, тиімсіз маршрут немесе жанармай шығынының ауытқуы бірден көрінеді. Бұл — коммуналдық саладағы ашықтықты күшейтіп, ресурс үнемдеуге жол ашатын маңызды қадам.

ЕНБЕК АДАМЫНА — ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Мекеме тек технологиялық мүмкіндіктерімен емес, қызметкерлерге жасалып жатқан жағдайларымен де ерекшеленеді. Қызметкерлер үшін жаңадан жатақхана салынып, биылдан бастап пайдалануға берілген. Медициналық пунктпен қамтылған жатақханада 35-40 адам тұра алады. Әр бөлмеде 4 адамнан жайғасып, қажетті тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етілген.

— Біздің жұмысшыларымыз — танның атысынан күннің батысына дейін далада еңбек ететін жандар. Олардың демалысы мен денсаулығына көңіл бөлу — басты басымдықтарымыздың бірі. Жақында «Отбасы банкімен» бірге қызметкерлердің үй алу мәселесі бойынша меморандумға қол қойғалы жатырмыз. Алғашқы жарнасын біздің мекеме өз тарапынан төлеп беруге көмектесе, кейін жалақының бір бөлігінен ұстап отырамыз, — дейді серіктестік басшысы Замир Сағынов.

Санитарлық саладағы кадрлық әлеуетті арттыру үшін мекеме білім беру ұйымдарымен де тығыз әріптестік орнатып отыр. Пресс-тур аясында «Астана Тазалық» ұйымы мен Кәсіби технологиялар колледжі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл келісім негізінде колледж студенттері енді кәсіпорын базасында ақылы өндірістік тәжірибеден өте алады.

— Бұл — салаға жаңа мамандарды тартуға жасалған нақты қадам. Тәжірибе кезінде студенттер тек теорияны емес, нақты өндірістік процестерді, тазалық қызметінің ішкі жүйесін көзбен көріп, еңбек мәдениетін бойына сіңіре алады. Бұл бастама алдағы уақытта кеңейіп, басқа да оқу орындарына ұсынылады, — дейді мекеме өкілдері.

ТҮЙІН:

Айналаны тап-тұйнақтай етіп ұстау үшін жүйелі жұмыс та, жанашыр ниет те қатар жүруі керек. «Астана Тазалық» ұжымы осы екеуін үйлестіріп, бас қаланың бейнесін қалыптастырып келеді. Олар үшін әрбір жиналған жапырақ, жуылған көше, тазаланған жол — елордаға деген үнсіз қамқорлықтың көрінісі.

ҚАЗАҚСТАННАН «ЛА СКАЛАҒА» ДЕЙІН

Қазақстандық опера әншісі Әйгерім Алтынбек әлемдегі ең беделді опера өнері оқу орындарының бірі – «Ла Скала» театры академиясында тағылымдамадан өтеді.



Бейнежазба арқылы өткен алдын ала іріктеуге 400-ден астам үміткер қатысқан. Олардың ішінен 12 үздік орындаушы таңдалып алынды. Солардың қатарында Қазақстанның атынан қатысқан Әйгерім Алтынбек те бар. Опера әншісі Әйгерім Алтынбек — көптеген халықаралық вокалдық байқаудың лауреаты. Ол танымал композитор Джакомо Пуччинидің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық опера әншілері байқауында жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар Италияның Модена қаласында өткен Николай Гяуров атындағы опера әншілерінің халықаралық байқауында үшінші орынды иеленді. Қазақстандық әнші атақты италиялық опера әншісі Мирелла Френидің арнайы сыйлығын алды. Әлемнің 470 қатысушысы қатысқан Рената Тебальди атындағы халықаралық вокал конкурсында өнерпаз екінші орынға ие болды.

Кеше әлемге әйгілі Хосе Каррерастың концертті өтті. Осы кеште Әйгерім Алтынбек те өнер көрсетті. Концертте әлемдік опера ариялар шырқалып, танымал дуэттер қатысты. 27—28 маусымында Италияның Неаполь қаласында Андреа Бочеллидің мерейтойлық концертіне қатысып, аты аңызға айналған тенормен бір сахнада ән шырқайды.

Бұл жетістік — оның білімге деген ұмтылысы мен кәсіби шеберлігінің жемісі. Сонымен қатар мемлекеттің жас таланттарды қолдауға бағытталған ауқымды жұмысының нәтижесі.



«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Қазақстанның энергетика секторының дамуына өлшеусіз үлес қосқан мұнай-газ саласының көрнекті маманы, техникалық ғылымдар кандидаты, мемлекеттік қайраткер **Кенжебек Ниязұлы Ибрашевтың** қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

К. Н. Ибрашев «Құрмет», «Парасат» және «Барыс» ордендерімен марапатталған, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының жер қойнауының құрметті барлаушысы» және «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» атақтарына ие болған.

Оның еңбек жолы — қызметке деген үлкен жауапкершіліктің, стратегиялық ойлаудың және еліне адал қызмет етудің жарқын үлгісі.

Кенжебек Ниязұлының туған-туыстары мен жақындарына, достары мен әріптестеріне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы ұжымы мен басшылығы



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4609

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

• Авторлар қолжазбасы еңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданыбайды.

• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Тілекгүл ЕСДӨУЛЕТ